

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Ақтөбе облысы**

Абжетова Ааяжан .....	2
Айбек Айболсын .....	5
Ақжігіт Ақгүл.....	9
Аманжанова Жансұлу.....	10
Әнафияева Жарқынай.....	13
Бақтыберген Айсипат .....	16
Бурумбаева Әсел .....	18
Жәлімбетова Ұлболсын.....	20
Ищанова Гүлмайра .....	22
Канатова Томирис .....	24
Культлеуова Ааяжан.....	26
Күлтлеуова Диана .....	29
Қабидашова Айдана.....	31
Қазыбаева Фируза .....	35
Қалдыбай Мир-ғалым.....	37
Қобыландина Гүлжауһар .....	40
Қуанғалиева Толғанай.....	43
Мамилаева Ақбике .....	45
Меңдібаева Гүлжанар.....	47
Мұқашева А.....	49
Мұрадинова Бағдат .....	52
Неталиева Шахида.....	54
Нұрпейіс Іңқар.....	57
Нұрпейісова Ақжүніс .....	60
Убайдулла Гауһар .....	62
Уразова Ақырыс.....	65
Сақыпжанова Гүлсана .....	67
Скендинова Қырмызы.....	70
Тобыш Жансая .....	72
Шопыр Айғали .....	75
Шынболатова Толқын .....	78

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Абжетова Аяжан**

11 сынып, Кеңқияқ орта мектебі  
п.Кеңқияқ, Темір ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Құрмансейітова Г. М.

**Мен атамның шөбересімін!**

Талай күс содан бері қайта оралды,  
Талай бақ әлемінде қайта оранды.  
Соғыста өлгендер тек оралмайды,  
Тек ұрпаққа олар жайлы айтады әні.

Менің атам – Толыбаев Дүйсенғали Ұлы Отан соғысының ардагері. Қазір атам тірі болғанда, 92 жаста болар еді. Мен атамның шөбересімін. Атамды өз көзіммен көрмесем де, ол кісі туралы әжелерімнен көп еститінмін. Атамның ерлігін мақтан тұтамын. Атам Толыбаев Дүйсенғали – соғыстың басынан аяғына дейін майдан өтінде болғандардың бірі. Ол да Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин секілді батыр жерлестеріндей жаумен ерлікпен соғыса білді.

Менің атам 1922 жылы Байғанин ауданы, Доңызтау елді-мекенінде қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Балалықтың бал дәуренін сол Байғанин ауданында асыр салып өткізген. Есейе келе ол кісі әке-шешеге қолғабыс көрсету үшін әртүрлі жұмыстарға араласты. Көп балалы отбасынан шыққан. Бірақ, өзінің алдындағы бірнеше бауырлары ерте көз жұмып, отбасында үш ағайынды қалады. Солардың ішіндегі ең үлкені – осы атам. Ол кісінің жастық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келген.

Дүйсенғали атам соғысқа аттанарда бар болғаны 19 жаста болыпты. Ел басына күн туғанда Отанның бел баласы тыныш жерді сағалап жатуға тиісті емес, Дүйсенғали ата да Отан ана алдындағы борышын ақтап, ел тыныштығын қорғауға аттанып кетті. Дүйсенғали атам Мәскеу, Сталинград, Ленинград үшін шайқастарда ерлік көрсеткен. Сонымен қатар, көптеген қалаларды жау қолынан азат етуге қатысқан. Атам өзінің ерлігі үшін ордендермен, медальдармен марапатталды.

Сұрапыл соғыс аяқталғаннан кейін көптеген қазақ отбасылары Түрікменстан жерлеріне көше бастайды. Менің атамның отбасы Қарақалпақ жерінен өтіп, Жем бойын бойлай соңында қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Жамбыл ауылына келіп тұрақтаған. Ал, атамды соғыстан кейін 1945 жылдың жазында құлдыққа әкетеді. Одан босап шыққан соң, әскери борышын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өтейді. Жамбыл өлкесіне, отбасына 1947 жылы аман-есен оралып, қалған өмірін осында өткізеді. Соғыстан кейін атам колхоз жұмысымен айналысады. Ол кезде қазіргідей тракторлар жоқ, техника толық дамымағандықтан, өгіз арбамен шөп тасып, колхоз жұмыстарын атқарған. Содан, 1947 жылы үлкен әжем Қалипамен шаңырақ көтереді. Он бала дүниеге әкеледі. Олар: Қуандық, Қарлыға, Әбжат, Әбу, Әбіл, Қилыбай, Сырлыбай, Қарлыбай, Қания, Сәния. Осылардың ішінде бақытты әулетпіз!

Әбжат – менің әкемнің әкесі, яғни атам. Үлкен атам мен әжемнен қазірде 40 немере, 40 шөбере тарап «ұрпақтар сабақтастығы» жалғасып келе жатқан, үлкен бақытты әулетпіз.

Атамды еске алу.

Жан ата, қатал әскери сынақ жылдары белсенді Отанын қорғағандардың қатарында болдыңыз. Сіздің Ұлы Отан соғысы кезіндегі жетістіктеріңіз бен ерліктеріңіз біздің, жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталады. Өміріңізбен де, аталық мейіріміңізбен де, жадымызда жатталған әрбір ғибрат сөзіңізбен де тағылымды тәрбие тамыршысы болдыңыз. Мен сізді мақтан тұтамын. Менің жүрегімді үлкен атам – Дүйсенғалидің орны бөлек!

Аташым, мына шағын ғана өлең шумақтарымды өзіңізге арнаймын:

Жау отынан елін, жерін қорғаған,  
Мен бүгінде атам жайлы толғанам.  
Отан үшін отқа түсті, өрт кешті,  
Ерліктерін жырлап енді мақтанам.  
Жылдар өтіп, шөберең де ержетті,  
Ұмытпайды жұртың батыр келбетті.  
Батырлардың арқасында Отанды,  
Ұлы Жеңіс 70 жылы тербетті!

Үлкен атам Дүйсенғали Толыбаев 1993 жылы өмірден өткен. Қазір зираты Жамбыл аулында қойылған. 9 мамыр – Жеңіс күні жыл сайын әулетімізбен атаның басына барамыз. Ал, үлкен әжем Қалипа 2012 жылы сәуір айында дүние салды. Олар бұл өмірден өткенімен, олардың есімі, ұрпағына қалдырған өсиеті ешқашан ұмытылмайды!

Бүгінгі таңда Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл болыпты. 9-шы мамыр Ұлы Отан соғысы Кеңес елінің жеңісімен аяқталған күн. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңісін жыл сайын Достастыққа қатысушы мемлекеттер атап өтуде.

Бұл күн біздің халықтарымыздың жадында ұлы әділдік салтанат құрған, ақ ниет пен еркіндіктің, зұлымдық пен зорлық зомбылық күштерін жеңген күні ретінде мәңгі есте сақталмақ.

«Барбаросса» жоспарын жасаған кезде фашистік Германияның басшылары Кеңес елін отарға айналдыру, ал оның халықтарын құлдыққа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түсіру – гитлершілдіктің дүние жүзіне үстемдік орнату жолындағы негізгі мақсаты еді.

Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысына қатысып, майдандарында жаппай ерлік көрсетті.

1941-1945 жылдары Қазақстан территориясында 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиялары, 7 атқыштар бригадалары, 50-ге жуық жекелеген батальондар мен әртүрлі әскер түрлерінің батальондары жасақталған.

Генерал-майор И.В.панфиловтың 316-шы Алматы дивизиясы (кейін 8-ші Гвардиялық дивизия болып аталды) Москва түбінде өшпес даңққа бөленді.

1942 жыл, қыркүйек – Орал мен Гурьев облыстарының территориясында әскери жағдай жарияланды (Сталинград майданының жақындығына байланысты). Қорғаныс комитеттері құрылды.

Соғыс жылдарында 500-дей қазақстандықтар Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Қазақстанның 4 жауынгері бұл атаққа екі мәрте ие болды. Ұшқыш – Талғат Бигелдинов, Леонид Игнатьевич, Иван Фолич Павлов, Сергей Данилович Луганский.

Батырлардың ішінде пулеметшісі – М.Мәметова, снайпер Әлия Молдағұлова, атқыштар С.Баймағамбетов, С.Лутфуллин, Б.Момышұлы, С.Нұрмағамбетов, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров, Қ.Сыпатаев, Ж.Елеусізов және басқа да жауынгерлер бар. Халық кегін қайтарушылар қозғалысына тән белгілердің бірі оның көп ұлтты құрамы болды.

Қазақстандық партизандардың жалпы саны 3,5 мың адам. Олардың қатарында Қасым Қайсенов, Жұмағали Саин, Әди Шәріпов және басқа да көптеген адамдар бар.

Қазақстандық 12 дивизияның барлығы да жауынгерлік ерліктері үшін ордендермен марапатталды.

Қазақстан территориясындағы 27 әскери оқу орындарында 16 мыңнан аса офицерлер дайындалды.

Екінші дүниежүзілік соғыста бейбіт адамдарды қосып есептегенде Кеңес елінің шығыны 27 миллионға жеткен.

Қазақстандықтар 623 мың 429 адамынан айырылды. Қазақстанның қан майданнан оралмағандар саны 601 мың адам.

1941-1945 жылдары 70 мыңнан астам ақтөбеліктер майданға аттанды. Осы 70 мың ақтөбеліктердің 22 мыңы майданда қаза тапты. Көбісі жаралы, мүгедек болып оралды.

Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталған кейін Қазақстан өкілдері Квантунь армиясына қарсы шайқасты. Жапондарға қарсы шайқаста Ақтөбеде құрылған 74-ші және теңіз 292-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлері Кеңес Қарулы Күштерінің даңқын шығарды.

Жеңіс Кеңес елі халқына зор құрбандықтар арқылы келді. Соғыс елдің бүкіл байлығының үштен бірін жұтты. Фашистер Кеңес елінің 1700-ден астам

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

каласын, 70-мыңнан астам қыстағы мен ауылын тас-талқан етіп қиратты. Элек стансалары қопарылып, шахталар су астында қалды.

Осындай қиын жағдайда Қазақстан елдің негізгі тірегінің бірі болды. Тылдағы ел ішіндегі жұмыстарды көбіне әйелдер мен жасөспірімдер атқарды. Бүкіл соғыс жылдары демалмаған, балаларына пана бола жүріп, күндіз-түні жұмыс істеген әжелеріміздің еңбегі зор.

Халық соғыстан бүлінген шаруашылықты қалпына келтірді. Ең бастысы-бейбітшілік орнады.

Еліміздің батыс және орталық аудандарынан Қазақстанға 1 миллионға жуық поляктар мен немістер жер аударылды.

Кеңес Одағы мұндай адам айтқысыз ауыр соғыста, қиян-кескі ұрыстарға төтеп беріп қана қоймай, қанқұйлы фашизмді де күйретті. Оның себебі неде?

Оның себебі мынада: біздің еліміз – социалистік ел, біздің қоғамдық құрылысымыз – ең озық қоғамдық құрылыс. Біз Отан қорғау соғысын, әділетті, азаттық соғысын жүргіздік. Ұлы Ленин құрған Коммунистік партия Қызыл Армияға және халыққа басшылық етті. Партияның бастауымен елімізде қуатты соғыс өнеркәсібі құрылды. Коммунистік партия көп ұлтты Кеңес халқын біртұтас күш етіп біріктірді.

Жылдар жылжып өткенімен Кеңес халқы мен оның даңқты қарулы күштерінің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. КСРО-ның Ұлы Отан соғысындағы жеңісі адамзатты фашистік құлдықтан сақтап қалды!

**Айбек Айболсын**

6 сынып, №6 гимназиясы, Хромтау қаласы

Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Сарсенбаева А.Н.

### **Ерліктің өшпес даңқы**

Өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс – Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды.

Соғыс! Сен қандай суық едің!

Қасіреттің қара қайығына мініп, қайғыны желкен етіп, қара жерді қапсырып төніп келдің! Мен сендік салқындықты бір ғана атауыңнан сезінемін. Талай армандарды сөндірген, қырандарды сенделткен, жайсаң даланы селдеткен сендегінің барлығы – сұмдық еді. Бір сенің суық үнің қаншама ақ армандарды, сағым жылдарды, жүректе жазылмай кеткен жырларды ұрлады десенші?!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Иә, бұл нағыз сұрапыл соғыс еді. Есте мәңгілік сақталатын соғыс тамұқ отымен бірдей болды. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... болып өткеніне міне биыл 70 жыл толады. Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды.

«Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, әжелер ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргеңді ел, ер болып сақтаймыз.  
Сенен аяр жан да жоқ, барлығы да сен үшін,  
Саған қауіп төнгенде, жау таянып келгенде,  
Қамсыз тыныш жатпаймыз алпыс ұлттың адамы,  
Қол ұстасып үн қосып, қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықпен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Сол бір сұрапыл соғыс жылдарының ың қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» ұранын ту ғып ұстап, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Кеңес халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және басқалар. Сол жылдары өзіміздің Ақтөбеде құрылған 312-атқыштар дивизиясы және 101-ұлттық бригада жауынгерлері Мәскеу түбіндегі фашист басқыншыларына қарсы күресте асқан ерліктің үлгісін көрсеткен. Майданға аттанған 15 мыңға жуық Ақтөбеліктер жауынгерлік орден-медальдармен марапатталған. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Жарыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүргізді. Қан майданға аттанған аталарымыздың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар да соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Буыны қатпаған жас балалар мен жесір әйел-аналар, қарттар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей тынбай еңбек етті. Сол кездегі балалар қазіргі біздер секілді балдәурен балалықтың қызығын көрмей өсті. Бала болып ойнамады, ұйқылары қанбады. Зауыт, фабрикаларда әйелдер, балалар, қариялар жұмыс жасап Ұлы Жеңіс үшін майдандағы жауынгерлерге арнап қолғап-шұлықтар тоқып, соғысқа қажетті қару-жарақ әзірледі. Майдандағы адамдарға азық-түліктер жөнелтіп отырды. Жүздеген мың адам жанқиярлықпен еңбек етті. Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бүгінде сол ардагер қарияларымыздың саны күн санап азаюда.

Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр.  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні.

Жеңіс!.. Бірақ сол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Иә, соғыс адамзатқа үлкен апат әкелді. Оның зардабы тым қымбатқа түсті. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Ананы – баласынан, баланы әкеден айырды. Сүттей ұйыған қаншама отбасының жылуын жұтты бұл сұрапыл соғыс! Ана жарын жоғалтып-жесір, бала әкесінен, анасынан айырылып- жетім атанды. Оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап, сарыла күтті. Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Тілектері орындалды .

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін – Ұлы мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Бұл – мереке ғана емес, бұл – ауыр еңбек, бұл – халықтың батырлығы. Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, жарғақ құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын.

«Бұл өмірде әр ісіңнің жаңғырығы болады» деген Мұхтар Шаханов сөзін сараласақ, бүгінгі ашық аспанның кешегі жаңғырығы – отты жылдар еді.

Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

Ол – өмір заңы.

Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі, олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталады.

Ендігі жерде еліміздегі бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-әжелеріміз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болып, жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Ананы – баладан, баланы – анадан айыратын сұм соғысқа жол жоқ!

Елге қауіп төнбесін,  
Егестен адам өлмесін!  
Есен – аман болайық,  
Енді соғыс болмасын!  
Өртенбесін туған ел!  
Шайқалмасын асқар бел!  
Шайқалмасын шалқар көл!

Ержүрек аталарымыздың арқасында, міне біздер, бүгін тәуелсіз елде өмір сүріп жатырған бақытты ұрпақпыз. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – солар сыйлаған ел тыныштығын сақтау, Отанымызды сүю, еліміздің, жеріміздің адал патриоттары болу, достық пен бірлікті ту ету. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Ақжігіт Ақгүл**

9 сынып, Бегалы орта мектебі  
Бегалы ауылы, Қобда ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Нургалиева А. В.

### **Ерлер ісі өнеге**

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл толды. Саналы сезіммен ойлап қарасақ, өте көп сияқты, бір адамның толық өмірі іспетті. Көптеген адамның өмірі мен тағдыры, көз жасы мен қайғысы, концлагерьлердегі адамдардың жағдайы, балалар мен үлкендердің ерен ерлігі арқылы келген жеңістің әкелген қуанышы өте көп еді.

Өзім бала болсам да, кішкене кезімнен бастап теледидардан соғыс туралы кино көрсем, үнемі анамнан «шынымен осылай болған ба?» деген сұрақты қоятынмын. Анам ол кезді көрмесе де, сол сұрапылды басынан өткізген адамдардан естігенін айтатын. Анам Польшаға туристік сапармен барғанда, «Майданек» концлагерін көрген екен, сол жерді әңгімелегенде анамның ғана емес, менің де фашистердің жантүршігерлік айуандығына тап болған балалар мен аналардың, үлкен кісілердің қиналысын өз көзіммен көргендей күш кешіп, көзімнен жас келген, сонда анам «Балам, біз қазір, бүткіл әлемге танымал, тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүреміз, сол себепті сен өткеніңді біліп, бүгінгі күнмен өмір сүр, болашағыңды болжай біл деген сөздерді ұмытпа!» дейтін. Әңгімені тыңдай отырып, көп ойланатынмын.

Тәуілсіз, бейбіт Қазақстанда дүниеге келген соң, барлық уақытта, барлық жерде осындай тамаша өмір сүреді екен ғой деп, өзімнің өміріме риза болатынмын. Өсе келе бұл бостандықтың қалай келгені туралы түсінігім қалыптасты.

Жеңістің оңайлықпен келмегені рас, белдеріне күш түссе де мен сияқты балалардың бар күш-жігерін «Жеңіс үшін» деп жұмсағанын білгенімде бір жағынан таңғалдым, екінші жағынан «аядым», олардың балалық шағын біреу ұрлап алғандай әсерде болдым.

Соғыста жүрген жауынгерлердің ерлік істері бәрімізге куә. Мен бүгін «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған қазақстандықтарды мақтан етемін. Өзімнің ауданымның «Батырлар ауданы» деп аталатынына ризамын. Себебі менің ауданымдағы «Әлия» ауылында «Қазақтың қос шынарының» бірі- Әлия Молдағұлова дүниеге келгенінің өзі менің мақтаныш сезімімді үдете түседі. Өзім сол апамыздың есімімен аталатын көшеде тұрамын. Кешегі желтоқсанның ызғарында ауыздарында ұраны бар, бірақ қолдарында қаруы болмаған қазақ қыздарының «ерлігі» де таңғаларлық, олар «Әлия мен Мәншүктің ұрпақтары» екенін дәлелдей білді деп ойлаймын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазірдің өзінде әлемде қантөгіс болып жатыр, теледидардан Украинадағы соғыс туралы естіп, көріп жүрміз. Мен бала болмасам оларға қолұшын берер ем. Соғыс кезінде біз сияқты балалар тек тылда еңбек етіп қана қоймай, сонымен бірге соғыстың бел ортасында жүргені туралы әдеби кітаптарда жазылған, олардың «рухына» бас иемін. Әрине ойланып қарасам менің немесе достарымның солай істей алатынына күмәнмен қарайтыным да рас, дегенмен кешегі сұрапылда өз ерлікттерін көрсете білген Бауыржанның, Талғаттың, т\б ұрпақтарының бабалар ерлігін қайталай алатынына сенемін. Біз батыр елдің ұрпағымыз, біз бейбіт елде өмір сүреміз, сол бейбітшіліктің болуына қазір сабағымызды жақсы оқып, өз үлесімізді қосып, ертең өның өркендеуіне де атсалысамыз. Мен және менің замандастарымның солай жасайтына сенемін. Бейбітшілік мәңгілік болсын! Ешбір бала, ешбір ана жыламасын!

Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмасын!

**Аманжанова Жансұлу**

11 сынып, Құрашасай орта мектебі

Ақтөбе қаласы, Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Қарасаева Г. К.

**Сарғайса да, тарихтың ақ парағы**

**Ол күндер мәңгі есте сақталады**

Көз тіксем сонау селді өткеліме,  
Сұстанам от сұрапыл шеккенге.  
Ерлермен майдан зілін сілкідім бір,  
Масайрап сол күн Жеңіс көктемінде.  
Қалижан Бекхожин

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы атамыз өз сөзінде: «...Қазақ халқының соғыс тарихы осы Отан соғысынан басталуы тиіс. Қазақ халқы осы соғыс тұсында бүкіл дүние жүзіне өзінің қазақ екенін танытты». Шын мәнісінде, соғыстың қасіреті мен қасиеті жаныңды түршіктіреді, әрі ерліктерге басынды идіріп таңқалдырады. Соғыс жаратылысының ғаламат құпияларының шексіздігін көрсетті. Ел басына күн туған кезеңдерде рух пен намыстың мықтылығы сыналды. Халқымыз: «Қанды соғыс ерге сын, қаптаған жау елге сын» - демекші, біздің ерлеріміз осы сұрапыл соғыста қасық қаны қалғанша аянып қалмады. Тірі пендеге бір келетін ажалды жанын кірлетпей, сары алтындай сабырмен кірпік қақпай қарсы алды. Бұл соғыс қайғы – қасірет әкелмеген бірде – бір шаңырақ болмады. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тапты. Өз сөзімді Сырбай Мауленовтың сөзімен жалғасам: «Көрдің бе ұлын ананың?», «Көрдің бе жарын арудың?», «Көрдің бе оның көкесін?», «Соғыстан қайтқан солдаттар!». Ал сол сұм соғыстан оралмағандар қаншама, оралғандардың арасында он екі мүшесі сау келгендер саусақпен санарлық болды. Қазақтың біртуар ақыны Әбу Сәрсенбаев: «Сен құрметте оны! Түсіндің бе, қарағым? Сенің келешегің үшін берді ол, Азаттық жолында аяғын!». Міне, осы азаттық жолында қасқая қарсы тұрған батырларымызды, ерлерімізді айтып тауысу мүмкін емес.

Соғыс – өлім. Соғыс десе жан дүниенің бәрі мұздап сала береді. Күні кеше ғана өлім сеуіп кеткен екінші дүниежүзілік соғыс бәрін жайпап өтті. Аналарымызды аңыратқан, жас баланы жамыратқан, шаңырақты қаңыратқан соғыс өрті. Сол қанға боялған даласы, аңыраған анасы, жетім қалған баласы үшін кектенді. Қазағымыз бір сүйем жер үшін, бастағы бақ үшін, халықтың қамы үшін соғысып, жанын аямай, елді аялай, серттен таймай, сырын жатқа жаймай беріспеді.

Ата – бабамыздан қалған «Азамат – ердің баласы» деген асыл тектісін ардақтап айтар айбынды сөз бар. Бұл Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Рақымжан Қошқарбаев сынды тағыда басқа алып туғандарға қаратып айтылғандай. Соғыстың зұлматын бейбіт заманда өмір сүріп жатқан ұрпаққа сезінудің өзі қиын. Дегенмен, батырларымыздың, ардагер аталарымыздың естеліктерін оқи отырып, сұм соғысты көз алдыңа елестеткендей күй кешесің. Әрбір жүрегі «қазақ» деп соққан азамат осындай қиыншылықпен, маңдай термен, қанмен, жанмен келген ұлы жеңісті ардақтап, соны құрметтей білу керек. Ақын Қасым Аманжоловтың өлең жолдары ойыма түсіп тұрғаны:

Қайратым қайда, келші осындайда,  
Дедім де тұрдым, жүгіре бердім.  
Қолымда найза, шағылып айға.  
Жеңдік қой жауды, арман не, құрбым?!

Жеңіс... Бұл жай ғана айтыла салып, тебіренбейтін сөз емес. Астарына үңіліп қараңыз. Бұл сөздің түп тамырында қаншама қанды қырғын, халықтың көз жасы, маңдай тері жатыр. Оны, сан миллиондаған адамдар 4 жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе?

Осы жеңістің жолында қазақ халқының алатын орны ерекше. Бауыржан атамыз өзінің «Қанмен жазылған кітап» атты еңбегінде: «Осы соғысқа қатысқан қазақ халқының өмірі, ерлік қимылы дер кезінде тарих айнасына түсіп отырған жоқ. Қазақтың қанын, жанын берген ерлері атаусыз кетіп барады», - деп шындық үшін шырылдады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майдан да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бастап, еңкейген қарияға дейін жаппай майданға қатысты. Тылдағы, одан кейінгі жылдардағы жанқиярлық ерен еңбегімен еленген, үкіметтік наградалармен марапатталған әйелдер, келіншектер мен қыздардың белі қайыса үзілсе де, осы жылдары әскерге қажетті азық пен киімді қолдан өндіріп, шаңырағын асырап, балаларына пана бола білді. Менің айтпақ ойым, осы зілді күндерде аналардың істеген ерлігі қайталанбас дүние деп білемін. Соғыста жеңісті ерлер әкелсе, сол жеңісте тылда еңбек еткен аналарымыздың да қомақты үлесі бар.

Осындай қиын қыстау кезеңде қолдарына қару алып жауға шаппаса да, өздерінің жүрек жарды, отты өлеңдерімен халыққа рух, күш, қайрат берген ақын – жазушыларымызды айтпай кету мүмкін емес. 900 күн құрсауында болып, қауіп төнген Ленинград қаласына Жамбыл Жаббаев «Ленинградтық өренім» атты өлеңін елім, жерім деп шайқасқан жауынгер балаларына жолдады. Қасым Аманжоловтың «Қоштасу», «Май майданда», «Дариға, сол қыз», Сырбай Мауленовтың «Соғыстан қайтқан солдаттар» сынды өлеңдері осы соғыстың бар тынысын сипаттай білген көлемді шығармалар.

Сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында, батыр да батыл апаларымыздың ерлігінің арқасында 1945 жылы 9 мамырда бұл сұм соғыс Ұлы Жеңіспен аяқталды. Ал, осынау жеңіс көктемінде рейхстагтың күмбезіне алқызыл туды биікке көтеріп, алғаш болып жеңіс дабылын қаққандардың қатарында қазақ халқының даңқты ұлы – Рақымжан Қошқарбаев болды. Тарих көші әрқашан жаңаланып отырады емес пе, міне, содан бері 70 жыл мерзім уақыт өтті.

Талай тарих кезеңдерін өткізіп,  
Сырын – жырын заманына жеткізіп.  
70 жылда елім менің жаңарған,  
Жеңіс күннің даңқын жатыр жеткізіп,

- демекші Ұлы Жеңістің дәмін татқалы да қаншама уақыт зулай өтті десеңізші?! Осындай Ұлы Жеңістің туын көкке желбіреткен азаматтардың бейнесін толық елестете алмасақ та, олардың есімдері мәңгілік атала беруі тиіс. Соғыс даласында жарақат алып, мүгедек болып келгендер қазір азайды, жеңіл жарақатпен келіп, еңбек еткендер де қартайды. Сол Отан соғысының тарихын білмеу, ондағы батырлардың ерен ерлігінен хабарсыз болу біз сияқты жас буынға жараспайтын қылық. Себебі, «өткенінді білмей, болашақты болжау қиын» екендігі сөзіме бірден – бір дәлел. «Жеңіс үшін – жан пида» деп ұрандатып, сол ерік – жігердің арқасында, сол қайраттың, күштің арқасында аспанымызда көк туымыз желбіреп, қыран құсымыз еркін самғап, алтын күніміз нұрын төгіп тұр. Ақыры Ұлы Жеңістің нұрлы таңы атты. Қатер астында өз өмірлерінен гөрі тәуелсіздікті, бостандықты,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұлттық асыл мұратты бәрінен жоғары қойып, биік ұстап, бастарын өлімге тіккен арыстарымызды ұмытпай, санамыздан шығармауымыз керек. Біз өскелең ұрпақ осы елдің ендігі жолын әрі қарай жалғастыра ізбасарларымыз. Еліміздің патриоты ретінде, бір перзенті ретінде ерлік пен еңбектің өнегесін сабақтастыра білуіміз керек. Жұдырықтай жүрегі «қазағым» деп соққан қазақтың қаракөз балалары әрқашан осы бабаларымызға тағзым ету, құрметтеу, сыйлау, ардақтау, пір тұту – басты парызымыз екендігін ұмытпайық!

**Әнафияева Жарқынай**

9 сынып, Бозой орта мектебі

Бозой ауылы, Шалқар ауданы

Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Алашбаева Е. Қ.

**Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды**

Менен артық, мене батыр, менен ақылды  
жігіттердің өліп кеткенін көзіммен көрдім.  
Олар тәуелсіздік үшін жаны мен тәнін  
аямастан соғысты. Батыр ерлеріміздің  
жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!  
Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз!

Б.Момышұлы

Отан...Атамекен...Атажұрт...Тарих...Бұл – қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды. Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана әлем картасы аталатын «ала қағаз» бетіне түзетулер түсетін. Ал ХХ ғасырдың ортасында әлем келбеті өзгерістерге ұшырады. Оның басты себебі: КСРО және Шығыс Еуропа арасындағы алапат соғыс. Ал «Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылы шілденің үшінде Сталиннің радиодан айтылған сөзінен кейін пайда болды (интернет ресурсы). Барды жоқ ететін, тауды жер ететін сұм соғыс талай азаматтарымызды жалмады. Соғыс-уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап. Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат-екінші дүниежүзілік соғыс. «Соғыс жорығы – саяхат емес, ұрыс даласы курорт емес», -деп атақты Панфилов айтпақшы, осы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бір азапты соғыс халыққа үлкен қасірет әкелді. Баласын жіберген сорлы ана жалғызын күтіп, күйеуін алыс сапарға аттандырған жесір жұбайын тосып, әкесін келеді-ау деген үмітпен шығарып салған жетім көз жасын сұртумен болды. Өмірдің ауыртпалығына қарамай әркім өз тірлігін жасап бақты, бірақ майдан арасындағы жауынгерлер өлім мен өмірдің арасында қорқынышпен күн кешті.

Ел дегенде езіліп,  
Жұрт дегенде жұмылып қызмет ет.  
Жерге тер төгіп,  
Халыққа қан төгіп қызмет ет,

-деген Бауыржан ағамыздың сөзін ұран етіп, «Кеңес Армиясы бақыт әкелуші, азаттық үшін күресуші армия, ал Гитлер баскесерлерін ойраншыл армия, цивилизацияның мәдениетінің жауы», -деуші М.Әуезовтың сөзін ескеріп, «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегенінді істеуге тиістісің», -деп батырларымыз жауға қарсы ұмтылды.

Ойласа от күндерді, қан майданды,  
Қамықпай, қасіретсіз сөз айта алмайды.  
Елестеп қансыраған, қайран достар  
Соларға «Қайдасың?», - деп айқайлайды.  
Тарылып күйкі тартқан кең кеудесі,  
Секілді тозған тұлға көлеңкесі.  
Ойласа от күндерді алады өксіп  
Қазақтың ай мүйізді ақ серкесі,

-деп Ә.Тәжібаев та талай рет жырлады.

Ал майдан жауынгерлері: «Өлім арасында жүрсең де, өмірден үміт үзбегін», -деп ақындар өлеңдерін, халық даналықтарын ән қылып, жыр етіп айтып жүрді. «Отаны бірдің – тілегі бір, жүрегі бір», -деп ұлт көшбасшысы айтқандай, олар туған жері үшін отқа да, суға да түсті.

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,  
Еңбекпен көр дұшпанның өрте ішін.  
Түр білек, түс еңбекке ту астында,  
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін,

-деген халық ақыны Н.Байғанин елді еңбек етуге үндеді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», -деп халқымыз айтқандай жауынгерлеріміз рухты өлеңдерден, белгілі ақындарымыздың ұлы сөздерінен жігерленді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ерлеріміздің арқасында Жеңіске жеттік. Жеңіс – біздің ата-бабаларымыздың батырлығы. Тоғызыншы мамыр солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен келіп, ананың намысы үшін жауды жеңіп, Жеңістің таңбасын басқан күн.

...Ұлы Отан соғысы болғаны әлемге аян,  
Қанша үйдің ұрлап адамын,  
Қанша үйде сөніп қалды оттар,

-деп жыршылар жырлағандай, әр шаңыраққа әр жүрекке салған жара жетпіс жыл өтсе де әлі жазыла қойған жоқ. Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті бізге сыйлаған батырлардың ерен ерліктері ескерілмей қалмасы анық. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған болып оралған арттағы қалың елдің қамын жеген Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. «Ер есімі – ел есінде»,- демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі біздің жүрегімізде. Солардың рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ! Бүгінде біздің азаматтық борышымыз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Біз бақыттымыз! Қайғы-қасірет жоқ, сондықтан алаңсыз өмір сүрудеміз. Алайда, кейбір елдер қырғын соғысты бастан өткеруде. Әрқайсысы таңертең үреймен оянып, соғыстың бітуін, елінің тыныш болуын тілейді. Иә, бәріміздің де тілегіміз сол, бірақ осы бейбіт өмірдің қадірін білмей жатамыз, сондықтан тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-әжелеріміз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Соғыс деген-сұрапыл зұлмат күш иесі,  
Елін сатқанды оңдырмайды киесі.  
Қан бөксіп жатса дағы жерлерде  
Барлығын да ұмыттырады жеңісі.  
Талай адам қыршынынан қиылды,  
Айтшы маған кімдер күліп жымыды?  
Барлық үйдің сөнген еді шырағы,  
Пана тілеп аллаға да сиынды.  
Азат күннің қадірін біз білейік,  
Осы өмірдің соққысына төзейік.  
Әрқашанда бейбіт өмір тілейік,  
Отан, елім-жүрегім деп жүрейік!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Бақтыберген Айсипат**

8 сынып, ГКС-12 орта мектебі

Қауылжыр ауылы, Шалқар ауданы, Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Искиндинова А. Ш.

**Менің атам – майдангер**

Біздер жеңдік, намысты жібермедік,  
Аждаһаны кезінде шідерледік.  
Қорламасын дедік біз екінші рет,  
Тыныш жатқан бір елді бір ел келіп.  
М.Мақатаев

Жеңіс күні! Бұл 9 Мамыр күні біз Отанымыздың тарихындағы от-жалынды жылдарды, ел мен жерді басқыншылардан қорғау жолында каза болған ерлерді еске аламыз.

Күркіреп өткен кешегі Ұлы Отан соғысы...

Біз соғысты көрмеген ұрпақпыз. Біз бейбіт заманда дүниеге келіп, бейбіт елде өмір сүріп жатырмыз. Бірақ біз қанды шайқастардың куәсі болмасақ та, соғыстың қандай болғанын соғыс пен тыл ардагерлерінің естелік әңгімелерінен, соғыс тақырыбына жазылған шежірелерден, түсірілген кинолардан білеміз.

Бұл – ел басына орасан зор ауыртпалық әкелген сұрапыл соғыс еді. Миллиондаған адамдардың өмірін қиған сол бір алапат қанды қырғынның аяқталғанына алдымызда 70 жыл толмақшы.

Бұл соғысты есімізге алсақ, өшпес ерліктің үлгісін көрсеткен қаһарман аға-апалар туралы толғанар едік.

Бұл соғысты есімізге алсақ, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген бір-ақ ұранмен еңбек етіп, Жеңіске өз үлесін қосқан тылдағы ата-әжелердің, жетім-жесір аналар мен балалардың жанқиярлық еңбегі туралы айтар едік.

Бұл соғысты есімізге алсақ, қан кешіп жүріп зұлым жаумен арпалысып, орда бұзар жасында майдан даласында мезгілсіз мерт болған ерлер туралы тебіренер едік.

Иә, бұл Жеңіс біздің халқымызға оңайлықпен келген жоқ. Бұл Жеңіс бізге соншама зор шығынмен, соншама көп қайғы-қасіретпен, соншама көп құрбандықпен келді. Бұл Жеңіс біз үшін ерекше қымбат Жеңіс еді.

Мен бүгін жиырма жасында Отан үшін от кешкен өз атам Бақтыберген Жапарұлы Нұрымбетов туралы айтқым келеді.

...Сұрапыл соғыстың басталған жылы екен.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қасиет күші Ұлы Отанның,  
Қанатын бер қыран құстың.  
Ашуын бер арыстанның,  
Жүрегін бер жолбарыстың!  
Күллі әлемнің ашу- кегі,  
Орна менің кеудеме кеп!  
Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да жарыл, жүрек!

- деп ақын Қасым жырлағандай, бүкіл ел дүр көтерілген.

Ер-азаматтың барлығы Отан қорғауға аттанып жатқанда, солармен бірге менің атам да әскер қатарына алынады. Менің атам сол кезде бар болғаны 19 жастағы балаң жігіт екен. Шалқар аудандық әскери комиссариаты атамды бірден майданға жібермей, Ақтөбе қаласындағы ұшқыштар даярлайтын курсқа жібереді. Курстағы оқуын аяқтаған соң, 1942 жылдың ақпанында қан майданға аттанады. Атамды және атаммен бірге майданға аттанып бара жатқан боздақтарды ағайын-туыс, бауырлары «Жеңіспен оралғайсындар!» деген ақ тілеумен шығарып салады.

Атам қарулас жолдастарымен бірге талай қиян-кескі ұрыстарды бастан кешіреді. ИЛ-2 әскери ұшағымен бірнеше әуе шабуылдарына қатысады. Сталинград үшін болған шайқастардың бірінде атам ауыр жараланады. Осы жарақатынан кейін ұшқыштар сапына жарамай, 1943 жылдың аяғында елге қайтарылады. Қанды шайқастарда көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін атам «Ұлы Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз», «Қызыл Ту» ордендерімен, «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталып, елге абыроймен оралады.

Атам елге қайтарылған соң да, үйде қарап отыра алмай, еңбекке араласады. Соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнын жоқтатпай, енді тылда майдан үшін, жеңіс үшін аянбай еңбек етеді. Көп ұзамай соғыс аяқталып, елге Ұлы Жеңістің қуанышты хабары жетеді. Жеңістен кейінгі 1946 жылы атам Келима әжеме үйленген. Шаңырақтары шаттыққа толып, үбірлі-шүбірлі болып, төрт ұл, бес қыз тәрбиелеп өсірген. Атам шаруашылық басшысы болып, ұзақ жылдар еңбек еткен. Бірақ 60 жасқа толуына бірнеше ай ғана қалғанда, 1982 жылы, соғыста алған ауыр жарақатының зардабынан қайтыс болады.

Мен атамды көрген жоқпын. Бізге атам туралы, соғыста көрген қиыншылықтары туралы әңгімелейтін әжем еді. Ол кісі былтыр 89 жасында қайтыс болды. Бірақ әжемнің атам туралы айтқан әңгімелері біздің жадымызда сайрап тұр.

«Атаң балаларына татулық, достық, бауырмалдық, кішіпейілділік секілді адами қасиеттерді насихаттап отыратын. Өтірікті жаны сүймейтін. Өзі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

де адамға жақсылық жасағанды, қолынан келсе көмектескенді жақсы көретін,»-дейтін еді әжем.

«Біз бастан кешкен ауыр күндерді енді сендер көрмеңдер. Елде әрдайым тыныштық болсын! Жақсы азамат болып өсіңдер!»-деп, әжем бізге тілегін айтып отыратын.

...Иә, еліміздің сонау 1945 жылдың 9 Мамырынан бергі әрбір таңы тыныштық-пен арайлап атып келеді. Халқымыз енді 2015 жылдың 9 Мамыры күні Ұлы Жеңістің 70 жылдығын салтанатты түрде атап өтпек.

Егер атам тірі болғанда, биыл тоқсан үш жастағы ардагер болып, Жеңіс тойының төрінде отырар еді. Бірақ жиырмадан сәл асқан шағында сұрапыл майданда қан кешкен, соғыстан кейінгі бейбіт еңбекте тер төккен менің ардақты Бақтыберген атамның Ұлы Жеңістің осы 70 жылдық мерекесінде ортамызда болмайтыны өте өкінішті. Тек мақтаныш етіп айтатынымыз: менің атам, Бақтыберген Жапарұлы Нұрымбетов, ел басына күн туғанда қанды шайқасқа қатысып, осынау Ұлы Жеңіске өз үлесін қосты.

Атамыздың және миллиондаған майдангерлердің жанқиярлық еңбегін ұмытпау-біздің перзенттік, азаматтық борышымыз.

Қазіргідей егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болған бақытты өмірімізде соғыс өрті тұтанбасын, жер бетінде баянды бейбітшілік бола берсін деп тілегім келеді.

...Міне, бейбіт күннің тағы бір таңы атып келеді. Қайырлы таң, бейбіт өмір!

**Бурумбаева Әсел**

11 сынып, Қобда гимназиясы  
Қобда ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Амиргалиева Р. И.  
e-mail: Gimkobda@mail.ru

**Жеңістің туы желбіреп!**

Ер етікпен қан кешкен, ат ауыздықпен су ішкен, ең сұрапыл да қиын кезең Ұлы Отан соғысы жылдары. Осындай басымызға ауыр күн туғанда еліміздің шетін жау баспасын деп, аталарымыз бен әкелеріміз, табиғатынан адамға жарық дүние сыйлайтын әйелдеріміз қолдарына қару алып, жауыз да қатыгез, аш қасқырдай анталаған фашистік Германия жасағына қарсы соғысқа шығып, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Келер ұрпақ бақытты өмір сүрсін деп, соғыстың ауыр зардабын көрмесін деп, өз өмірлерін, жастық шағын қиып, майдан даласына аттанды. Бойларында қасық қаны қалғанша, шыбын жаны шыққанша, табан тіресе кескілесіп, жеңіс үшін аянбай күресті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Сол бір сұрапыл соғыс жылдары қазақ халқы өзінің отанына, жеріне деген сүйіспеншілігін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлық ерліктері, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жас ұрпағы, яғни, біздер үшін үлкен мақтаныш. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Соның ішінде Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұловадай батыр шыққан өңірде туғанымды мен мақтан етемін. Ол өрімдей жас болса да майдан даласына аттанды. Халқының тағдыры елінің болашағы үшін өз өмірін қиды. Әлияның өмірі құйрықты жұлдыздай қысқа болды. Бірақ сол аз ғана өмірінде кейінгі ұрпақтар айтып жүретіндей, ешқашан ұмытылмастай ерлік жасап үлгерді. Оны бүгін бүкіл халқымыз мақтан етеді. Әлия туралы ойласақ таң алдында жарқырап туатын шолпан жұлдызы көзімізге елестейді. Осындай ерекше батырлық қасиетке ие Әлия Молдағұловадай батыр шыққан өңірде тұра, мақтанбасқа бола ма?

Қаһармандар мәңгі жасайды, олар өлмейді, -дейді халық даналығы. Қазақ халқының даңқты қызы Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова жайында нақ осыны айтуға болады.

«Ер есімі – ел есінде», - демекші батыр аға-апаларымыздың есімі ешқашан ұмытылмасы анық..

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де өзгерген жоқ.

Табандылық пен ерлік отанға денег сүйіспеншілік бізді қатал соғыста жеңіске жеткізді.

Ұлы Отан соғысы – сол кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. «Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар» – демекші, бүгінде олардың есімдері тарихта алтын әріппен ел тарихына жазылды.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – бірлік. Қаншама халық бір аспан астына бірігіп, күштерін бір арнаға тоғыстырды.

Ардагерлерді құрметтеу – біздің міндетіміз. Жеңіс үшін олар аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады.

Ардагерлеріміздің жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, ерлігімен, ананың намысы, туған жердің топырағын, таптатпай жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні! Бұл күнді еске алсақ көзге жас ұяласа да, халық үшін қуаныш болған күн.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бабалар аңсаған бейбіт ғұмырды бізде бағалай білейік! Білектесіп, иық тірескен ержүрек кешегі батыл да батыр жауынгерлердің арқасында бүгін біз бейбіт ғұмыр кешудеміз.

**Жәлімбетова Ұлболсын**

11 сынып, Еңбекші мектеп – балабақшасы  
Темір ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Жұмабаева З.Ж.

Тыңдаушы ек ұйып жырын да  
Басқадай бізде болар ма ой.  
От кешіп жүріп, шынында  
Жау жеңіп қайтқан солар ғой!  
Сағи Жиенбаев

Ұлы Жеңіске 70 жыл. Біздер де, біздің әкелеріміз де соғысты көрген жоқ, сондықтан да біз бақытты ұрпақпыз. Ал бізге бейбіт те, бақытты өмірді сыйлаған кім? Олар 1941 жылы маусым айының 21-де басталып, 1945 жылдың 9 мамырында жеңіспен аяқталған Ұлы Отан соғысына қатысқан біздің аталарымыз бен әжелеріміз. Олардың көпшілігі бүгінде біздің арамызда жоқ, бірақ есімдері мен ерліктері біздің жадымызда.

Соғыс кезінде Отан үшін, ел үшін талай боздақтар жанын пида етті. Олардың көпшілігі 17-18 жастағы өндірдей жастар болатын. Басым көпшілігі ұлы жеңісті көре алмай, кейінгі ұрпақтың бақыты үшін жат жерде көз жұмды.

Соғыс жылдарында елде қалған қариялар мен аналар, бота тірсек балалар күні-түні аш құрсақ күйлерінде арып-ашып еңбек етті. Кейінгі ұрпақ балалардың ересектермен бірдей еңбек етіп, соғыс ұрлаған балалықтың бақытты шақтарын бастарынан өткізе алмағандығын мектеп бағдарламасында оқыған әдеби шығармалардан бастап біле бастады. Ес біліп, етек жиғаннан кейін соғыстың ащы дәмін татқан ауылда қалып еңбек еткен қариялар мен соғысқа қатысқан ауылымыздың ардагері, әрі ұстаздық қызмет атқарған Қайшығұлов Көшербай ағайдың айтқан естеліктері арқылы толықтырғандаймыз.

Тарихи деректерге қарағанда 1941-1945 соғыс жылдарында 1 миллион 196 мың 164 қазақстандық әскерге алынған екен. Олардың елеулі бөлігі қыздар болған. Бір ғана Ақтөбе облысынан 80226 адамның 950-і әйелдер мен қыздар болған. Соғыс кезінде қазақ елінен барған жауынгерлер мен офицерлер, оның ішінде 100 қазақ ұлтының азаматы Кеңес Одағының батыры деген ең жоғары атаққа ие болды. Олардың ішінде жерлесіміз Әлия Молдағұлова апамыз да бар. Ол 1924 жылы 20 сәуірде Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Бұлақ ауылында туған. 1942 жылы Әлия апамыз өз еркімен армияға барады да, онда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мергендер мектебіне жіберіледі. 1943 жылдың тамызында майданға кіреді. 2-Прибалтика майданының 22-армиясында 54-атқыштар бригадасында ұрысқа қатысады. Псков облысындағы Новосokolьники темір жол станциясына таяу жердегі фашистердің тірек пунктін алардағы ұрыс кезінде 1944 жылы 15 мамырда Әлия ерлікпен қаза табады.

1944 жылы 4 маусымда ефрейтор Әлия Молдағұловаға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғары атаққа ие болды.

Ұлы Отан соғысының тарихында мәңгі өшпес атаққа ие болғандардың бірі – Төлеген Тоқтаров. «Өлімге тік қадала қара, сонда өлім сенен қашады, сен жеңесің» деген сөз оның Отанды шексіз сүйген сүйіспеншілігімен айтылған еді. Ел сенімін, ана сүтін, халық үмітін ақтаған Төлеген Тоқтаров ағамыз да майданда ерлікпен қаза тапты.

Ұлы Отан соғысы қазақстандық әрбір отбасын шарпыды. Миллиондаған адам әскерге, еңбек армиясына шақырылды, жүздеген мың жауынгер ұрыс даласынан қайтпай қалды, қапыда қолға түскендері неміс тұтқынында азап шекті. Жауды талқандап, елге жеткендері майданда жоғалтқан денсаулықтарын қалпына келтіре алмай, тән азабын бастан кешті.

Соғыс қашанда зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке, қайғы-зарға толы. Атасы мен әжесі немересінен, әке мен шеше үміт еткен жалғызынан, басынан желегі түспеген келіншек қосағынан, іні-бауырдан, қарындас-ағадан айырылды. Тылда «қара қағаз» қолына тигендер де, «хабар-ошарсыз жоғалды» деген суық сөзді естігендер де қайғыға жеңілмей, ұрпағы үшін, елі үшін шыдады.

Өмір мен өлім бетпе-бет келгенде барша қазақстандықтар елі мен жерінен еріксіз көшірілген өзге ұлт өкілдеріне қамқор бола білді.

Қазақстанның сұрапыл соғыстағы алар орны ерекше. Білім, ғылым, мәдениет әрбір адамның жүрегі мен санасына сенім күшін ұялатып, кеңес халықтарының достығы мен ынтымағын нығайтты. Тыл мен майданның бірлігі жүз жасаған Жамбылдың жырларында, журналист Баубек Бұлқышевтің жалынды көсем сөздерімен бекемделді. Қадірлі жан, тамаша талант иесі Баубек майданда жүріп жазған «Өмір мен өлім туралы» очеркінде:

«Адам ұлы адамша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да! Өмір үшін күресте біз өлім дегеннен сескенуден жиркенеміз!

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әр түрлі болады. Біреу суықтан өледі, біреу қыз үшін қырқысып өледі, енді біреулер аурудан өледі. Мұндай өлімдерді естігенде құр ғана ренжисің де қоясың. Ал естігенде үлкен құрметпен бас иетін өлім де бар! Ол майданда ерлерше өлу!», -деп жазған еді.

Фашистік Германияны тізе бүктіру-адамзат баласының ХХ ғасырдағы ұлы мерекесі болып табылады. Бұл мерекеге қазақстандықтар қомақты үлес қоса отырып, бүгінгі азаттық пен тәуелсіздіктің іргетасын да қалады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Ұлы Отан соғысы біздің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әжелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке.

Егер Сіздердің сол сұрапыл соғыстағы жеңістеріңіз болмаса, бүгін жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді».

Береке басы – бірлік. Бүгінгі ұрпақты береке-бірлікке, тату-тәтті тірлікке тәрбиелеу ісінде соғыс ардагерлерінің ерлігі мен еңбегін, достық пен бірлікті қастерлеген қасиеттерін басшылыққа алуымыз керек. Сондықтан да біз халықтар арасындағы достық пен бірлікті қастерлеген аға ұрпақтың жалғасымыз.

Біздер ата-бабаларымыз бастаған жасампаз істерді жалғастыру бақытына ие болған ұрпақ екенімізді мақтан етеміз.

**Ищанова Гүлмайра**

9 сынып, Қобда гимназиясы  
Қобда ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Муканова Ш. К.

**Тәу етем, тәуелсіз ел табиғаты!**

Қазақ елі! Жасыл ел! Мәңгілік ел! Ұлы жол! Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол! Қадірі мен қасиетіне бас иер даму жолына қол жеткізуге ұлт ұрпағы оңай келген жоқ.

Тек 1991 жылы 16 желтоқсанда ғана қазақ елі бір жарым ғасыр бойы үстемдік еткен Ресейдің билігінен құтылып, көптен аңсаған арманына жетті. Өз алдына тәуелсіз де егеменді мемлекетке айналды. Қазақстан тәуелсіздігін алмай тұрып, 70 жыл бойы Мәскеуге, яғни Кеңес одағына тәуелді болды. Қазақстан өз тілінен, дінінен, тарихынан, салт-дәстүрінен айырыла жаздады. Қазақстанға өз егемендігін алу оңайға соқпады. Бірінші дүниежүзілік соғыс халықты төрт жыл есеңгіретіп тастады. Көптеген қиыншылықтарды бастарынан өткізді. Соның ішінде халықтың қырылуы, аштықтың орын алуы және тағы да басқалары. Соғысқа кішкентай баладан бастап, қарт адамға дейін қатысты. Отан қорғайтын азаматтар соғысқа аттанды. Үйіндегі аналары, әжелері соғысқа киім-кешек тоқып, тамақтар беріп жіберіп отырды. Осы бірінші дүниежүзілік соғыс біткеннен кейін, халықтың саны азайып қалды.

Германия әскері Кеңес одағының батыс аумағына баса көктеп кірді. Ең алдымен жаудың шабуылына ұшырығандар батыс шекарашылар болды. Гитлердің соғыс жоспары «Барбаросса» деп аталды. Ол сол бойынша Кеңес одағын қысқа мерзім ішінде жаулап алып, оны болашақ соғыс жорықтары кезіндегі шикізат, адам қоры көзіне айналдырмақшы болды. Кеңес халқы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тарапынан әділетті бұл соғыс тарихи әдебиеттерде «Ұлы Отан соғысы» деп аталды. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен Кеңес одағының халқы, оның ішінде қазақ халқы бір адамдай Отан қорғауға аттанды. Соғысты жеңіспен аяқтау үшін барлық күш-жігерін жұмсады.

Соғыс туралы хабар қазақ даласына тез тарады. Қазақстанның ұл-қыздары соғыстың алғашқы күндерінен қолдарына қару алды. Отан алдарында өз борыштарын өтеп, өз еркімен майдан даласына аттанды. Барлық адамдар еңбектенді. Қазақстан еңбекшілері тылда «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген үндеумен маңдай терлерін төге, күн демей, түн демей жұмыс істеді. Басында айтып кеткендей, Ұлы Отан соғысы жылдарында балалар да жауды жеңуге өз үлестерін қосты. Олар майданға аттанған азаматтардың орнына тылда қажырлы еңбек етті. Бұрын бейбіт өнімдерін шығарған кәсіпорындардың барлығы дерлік енді. Соғыс өнімдерін шығаруға көшті. Қазақстанның ауыл еңбеккерлері жауды жеңу үшін өздерінің отансүйгіштік және еңбек парызын жаңқорлықпен өтеді. 1941-1945 жылдары олар майданға көптеген тонна астық, ет және басқа да азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат берді. Мәскеу, Сталинград, Ленинград үшін болған қанды шайқастардың тарихында қазақстандық батырлардың ерлігі алтын әріптермен жазылды. Бұл жылдары жарамды ер-азаматтың көпшілігі соғысқа аттанды. Тылда қалған бала шаға тойып тамақ ішпесе де, таңнан тұрып, қара кешке дейін жұмыс істеді, сөйтіп жеңіске өз үлестерін қосты. Жауынгерлер жаз демей, қыс демей соғысты. Фашистер аштықтан, суықтан қалжыраған қала халқы өздігінен беріледі деп ойлады. Немістер қаланы күн сайын бомбалап, қаладағы жарық, жылу, су жүйесін бүлдірді. 1944 жылы ғана жау қоршауы бұзылып, фашист әскерлері қаладан қуып тасталды. Қазақстандық 310-314 атқыштар дивизиялары Ленинград үшін болған шайқасқа басынан аяғына дейін қатысты. Шығыстың әйгілі қос жұлдызы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Олардың ерліктері тарихқа өшпестей із қалдырды.

Сонымен қатар кеудесімен жау пулеметін жауып, Отан үшін, жер үшін жанын қиған Сұлтан Баймағамбетов сияқты батырларымыздың ерлігі ешқашан да ұмытылмақ емес. Әлия Молдағұлова Қобда ауданының атағын мәртебелі еткен батыр. Ол халықты: «Отан үшін алға!»-деп рухтандырып, жауға қарсы ұмтылады. Жаудың бораған оғына қарамастан қыстаққа бәрінен бұрын кіріп, бірнеше жаудың көзін жояды. Әлия соғыс жылдары ірі-ірі шайқастарға қатысып, мергендігімен аты шықты. Ержүрек, мерген қыз 20-ға да толмаған қыршын жасында жау оғынан көз жұмды. Аянышты жағдай. Бұл соғысты тарихтан оқып отырып, көзіңе еріксіз жас келеді. Себебі қаншама қанды төгістер, қыстыгүні аппақ қардың қып-қызыл қанға боялуы жүрегіңді елжіретеді. Соғыс кезінде батырларымызбен қоса, ақын-жазушыларымыздың да үлесі зор болды. Мысалы: А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев және тағы да басқа. Бұлар қуғындалып, атылу жазасына жазаланды. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Маса» атты жинағында Кеңес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Үкіметінің беделді адамдарын түсі суық жыланға теңеп, қазақ халқын шаққысы келеді дегендей, қазақ халқының Кеңес Үкіметінің қол астына кіріп бара жатқанын түсіндіреді. Осылай қазақ халқын рухтандырып, өз алдына жеке мемлекет болып шығуына өз үлесін қосады. 1937-1938 жылдардағы Сталиннің бұйрығымен болған репрессиямен байланыстырады. Сол кезде ең таңдаулы, білімді, көптеген офицерлер атылды. Соның салдарынан соғыс басталғанда армияны басқаратын мықты әскери командирлер аз болды. Дегенмен, 1945 жылы Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Қазірде 2015 жылы Ұлы Отан соғысына 70 жыл толғалы отыр. Біз, қазірде бақытты ғұмыр кешудеміз. Қазақстан күннен-күнге өркендеп, дамыған мемлекеттердің құрамына қосылуда. Ақтөбе облысы, Қобда ауданында Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңіспен оралған соғыс ардагерлері жетерлік. Олардың саны аз болса да, біз сол батырларымызбен мақтанамыз. Олардың соғыс майданындағы қанды төгістер көз алдарынан кетпейді деп ойлаймын. Оларға да қиын ғой. Кім болмасын, кішкене ғана қиыншылықты басынан кешсе, өмірі ұмытылмайды. Дегенмен, бүгінгі күнге жеткендеріне, өмірлеріне олар риза. Біз 9 мамырда Ұлы Отан соғысының жеңісін жыл сайын мақтанышпен тойлаймыз.

Мен қазақ болып туылғаныма, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаныма бақыттымын. Әрбір қазақ тәуелсіз және тәуелсіз елдің патриоты.

Жеңіс күні жаңғырсын! Жеңістің 70 жылдығы жасасын! Тәуелсіздік жасасын!

**Канатова Томирис**

8 сынып, Новый орта мектебі  
Ақтөбе қаласы, Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Кунирбаева Б.У.

**Жеңіс деген не?**

Менің Қазақстаным! Алтай мен Атыраудың арасын ең жайлаған менің елім бейбітшіліктің бесігінде тербелуде. Бұл күнге қалай жеттік, нендей тер төттік, оның бәріне тарих куә. Қара қазан, сары баланың қамы үшін шейіт болған ерен ерлеріміздің, аяулы асыл апаларымыздың арқасында біздің, бүгінгі ұрпақтың, атырар таңы күлкімен, батырар кеші тыныш ұйқымен өтуде. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманда күн кешіп, діндегі мықты тәуелсіз ел болуымызға әуелі Раббымызға рахмет айтып, шүкіршілік етіп, екінші ұрпағының қамы үшін өз жанын қиған боздақтарымызды ұмытпай, келешекке дәріптеуіміз керек. Соның бірі кезінде Кеңес Одағының құрамында болған барша халық жиылып, жыл сайын тойлануы үрдіске айналған, қазақ



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халқы зор мақтанышпен, абыроймен атқаратын атаулы мереке жақындауда, ол – Ұлы Жеңістің 70 жылдығы.

Жеңісті жырымызға қосып, шаттана жырлағанымызбен біз сұрапыл соғыстың қиыншылығын көргеміз жоқ, қасіретін тартқанымыз жоқ. Десекте, сол қанды қырғынның бел ортасында жүрген ақын-жазушыларымыздың қаламынан туған көркем шығармалардан, өлең-жырлардан, естеліктерінен танимыз. Олар: ақиқат пен аңызды ұштастыра білген Бауыржанның батыр тұлғасын шебер сомдай білген Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабы, Баукеңнің өз қаламынан туған «Москва үшін шайқас», «Біздің семья» атты кітаптары, қайсар қазақ партизаны Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» атты туындысы, жыр атасы Жамбылдың «Ленинградтық өренім» атты жеңіс рухына толы жыры. Осы аталған туындылардың қай-қайсысын болмасын оқыған жанның жүрек тұсын шымырлатып, екі көзден еріксіз жас парлатады. Өлім мен өмір арасында жүріп, еліне төніп тұрған қауіптен, тажал отынан тайсалмай, аждаһаға қарсы шыққан бұл батырлар қатыгез жауға қаламымен де, қаруымен де қарсы тұрып күресті. Олардың бірі майдан даласында опат болды, бірі – қаруластары көре алмай кеткен Жеңіс күніне аман жетіп, Жеңіс таңының ауасын жұтты. Жұтты да кейінгіге ерлікке толы өлмес жыр қалдырды. Соның айғағы болар – «сарбаз боламын» деген жанның бәрі де Батыр Бауыржанды үлгі тұтады. Әрине, ұлан – байтақ қазақ жерін қорғау оңайға соқпады. Бұл қырық бірдің қасіреті қазақ халқын жылатты, есеңгіретті, асыл тұлғаларын соғыс ажалы алып кетті, тұрмыс тауқыметімен қоса қайғы ала келді, қазағымның қабырғасын қайыстырды. Бірақ, халқымыздың аяғын шалып, шаужайынан тартып құлатушылар қанша көп болса да еңсесін көтеріп қайта тік тұрды, қанша жойқын шабуылдар жасалса да мойымады. «Жеңем» деген үміт сәулесі өшпеді, қайта лаулап жанды. Батыр Бауыржанның ұранға айналған «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген нақыл сөзі қазақтың әрбір қара домалағына міндеттелген бұйрықтай болды. Және бұл бұйрықты барлығы да бір адамдай орындады. Оған дәлел, отан үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, қан төгуге жаны қашанда қас қазақ ұланы қолына қару алып отанды қорғауға қан майданға аттанып, жеңісті сәт сайын жақындатуы. Қайсар ұл-қызымыз майдан даласында Гитлердің жауыз төбеттерімен жан беріп, жан алыса елі үшін арпалысса, тыл даласында да күрес жүріп жатты. Елге келген қайғымен, жоқшылықпен күрес жүріп жатты. Ер азаматтарының міндетін өз мойнына алған бұрымдылар, бесіктен белі шықпаған ойын балалар күн ұясынан тұрмастан құрал-сайманын арқалап қара жұмысқа аттанды. Жеңіс үшін қаншама қан төгілді, қаншама тер төгілді. Бұл қан мен тер ел мен жер үшін, теңдік пен елдік үшін, ұрпағының Тәуелсіз болуы үшін төгілді.

Қазақ қамын қашанда биік қоятын заманымыздың ұлтжанды біртуар дара ұлы, ұлы ақыны Мұхтар Шаханов та «төрт ана» атты өлеңінде ең бірінші «туған жері – түп қазығы, айбыны...» деп отанын жырға қосады. Ал, енді бір

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сөзінде ол «өз туған жеріңе деген сүйіспеншілігіңді ең алдымен отбасыңа, ауылдастарыңа арнамай тұрып, барша әлемді сүю мүмкін емес» деп отанды сүю отбасынан, тал бесіктен басталатынын ұқтырады. Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов те «алтын анам, Отаным! Сенен аяр жаным жоқ, сенен іркер күшім жоқ» деп отаны үшін жанын беруге де даяр екенін жеткізеді. Бұл қазақ баласының қай ұрпағы болмасын қай кезеңде де ұлтының бостандығы, егемендігі үшін оттан да, судан да тайсалмайтынының айқын дәлелі.

...Соғыс – қасірет!.. Соғыс – қалың қара тұман... Сол қалың қара тұман талай қаракөздің жұлқып бұрымынан тартып, тепсе темір үзген, талай «Менмін!» деген азаматтарды да өзіне жұтып әкетті. Көз жасын сүртіп ана, зар жылап жесір, аңырап жетім қалды. Ұлы даланы сұм соғыстың қаһарлы үні мен ананың ащы зары кезді. Есікке телмірген қаншама шаңырақ қаралы қағаз алып, қимастарының келмеске кеткеніне сенгісі келмесе де сенді. Біреу жалғзынан айырылды, біреуі ұрпақсыз қалды. Міне, соғыстың сыйлағаны осылар болды бізге. Тізе берсең жаның түршігеді-ақ. Бұл біздің соғысты көзі көрген ата-әжелерімізден, соғыс жайлы жазылғандардан, айтылғандардан оқып, естіп-білген шындығымыз. Бала көңілімізге салмақ салып, бүгінгідей бейбіт заманда соғыстың қасіретін қайталай берудің де жөні жоқ. Себебі, қайғының аты – қайғы.

Ал енді біз бабаларымыздың Адал қанымен, аналарымыздың ащы зарымен, сәбидің көз жасымен келген қасиетті Жеңістің қадірін жоғалтпай, бейбіт заманда өмір сүргенімізбен, сол бабаларымыздың ерлігіне татырлық тынымсыз еңбекпен қорғап, сақтауымыз керек! Соғыстың салмағы қандай ауыр болса, Жеңістің салмағы да сондай ауыр. Жеңіс, Бостандық деген, ол – қарттардың қайғы жұтпауы, ананың көз жасын тек қуаныштан ғана сүртуі, аяулы жардың жолға қарайламауы, анасының сүтіне қарны әбден тойған сәбилердің алаңсыз ұйқысы мен тәтті күлкісі. Жеңіс деген – Жеріңнің тұтастығы, елдің ауызбіршілігі, халықтың еріне сенуі, кемеңгер басшының елді соңынан ертіп, даңғыл болашаққа бастауы.

Жеңіс деген – осы! Тек біз секілді балалар да, даналар да, қарттар да оны сақтап, қорғауымыз керек. Өйткені, бұл – Бабалар тапсырған аманат, біздің борышымыз!

Тәуелсіздігіміз бен бейбітшілігіміз мәңгі жасасын, жасай берсін!..

**Культлеуова Аяжан**

10 сынып, Қазақстанның 15 жылдығы атындағы орта мектебі  
Көкүй ауылы, Қобда ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Машимова А.А.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам-адам болғалы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

осылай. Талай рет үстемдік, байлы күшін адам қаны судай аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді алған соңғы соғысты алайық. Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен белгілі. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғысарқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

Таңалдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасына нұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қызы жігітімен, анасы баласымен қоштасты. Қырда қойшық ойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың боз бала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды.

Бір күшке жиналған орыс, тәжік, грузин, белорус, қазақ, украин халықтары қарсы алдындағы жауға алмасқамал болып жұмылды...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер жау жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір, аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыр шын жасы қиылды... Ішіндеақын да, әншісі де бар еді.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын кушү берекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының кішкене жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған окпен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастаралдыңғышептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Батырлығы мен көзге көрінген еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін емес.

Қазақстаннан қанмайdanға аттанған ер жүрек ұл-қыздар фашизмді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп, жеңісті жақында туға үлкен үлес қосты. Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда да жан аямай күресті. Олардың артында қалған отбасы атпал азаматтарының жеңіске жететінін есенді және сол қасиетті күнді асқан шыдамдылықпен күтті.

Фашистік Германия тізе бүккенімен, сол сұм соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Міне, соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек. Осыдан 69 жыл бұрынғы Жеңіс сонысымен қымбат. 1418 күн мен түн толарсақтанқанкешіп, кейінгі ұрпаққа тыныштық әкелгені үшін қасиетті. Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанынан да 69 жыл өтті. Бұл солкездегі Кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін пашететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғыш ептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегі мен жеңісті шыңдаған, станок тыңқасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқ татпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды.

Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгін де біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кең пейіл Қазақ елі жасасын!

**Күлтлеуова Диана**

8 сынып, Қазақстанның 15 жылдығы атындағы орта мектебі

Көк үй ауылы, Қобда ауданы Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Жасанова Г.Ж.

Ұлы Отан соғысына 70 жыл толғалы жатыр. Бұл соғыс бүкіл дүние жүзіне қайғы қасірет әкелді. Нақтырақ айта келсек экономикалық, саяси, рухани жағынан нұсқан келтірді. Осы соғысқа Қазақстанның тікелей байланысы болды. Ұлы Отан соғысына қазақ халқы солдаттарының қатарын толтырып қана қойған жоқ, сонымен бірге қазақ жерінен пайдалы қазбасымен елге завод, фабрикаларды көшіріп жұмысшы тап ретінде қолданды. Қазақстан соғыс майданына азық-түлікпен, техникамен, қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырды.

Екінші дүние жүзілік соғыс пен Бірінші дүние жүзілік соғысты салыстырғанда қазақ халқы өз еркімен қатысты. Мәселен Бірінші дүние жүзілік соғысқа қазақ халқын әскер қатарына алған жоқ, керісінше тыл жұмыстарына күштеп кіргізді. Бұл соғыс қазақ халқына өте әділетсіз болды. Ал екінші дүние жүзілік соғысқа өз еркімен барғандардың санына Ә.Молдағұлованы үлгі ретінде алайық. Соғыс майданына тек ер адамдар ғана емес қазақтың және басқа ұлттардың қыз балдары да өз ерліктерін көрсеткен.

Тарих сабақтарынан мәлім соғыс жылдарында жұмыс жасаған үшін ақша берілмегендігін білеміз, ақшаның орнына карточкалық жүйе орнатылды. Неше түрлі көне және қазіргі заманда шыққан кинофильмдерді көреміз сонда бір түйір қара нан қандай еңбекпен алынатынын білеміз. Бұл соғысқа балдарын, әкелерін, ағаларын, сіңілерін, апаларын аман-сау қалсын деген үмітпен жіберген. Осы соғыс салдарынан қазақ балалары ата-аналарынан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

айырылып, қаншамасы аштықтан, соғыс снарядтары мен оқтарының астында қалып, неміс лагерлеріне айдалып және детдомдарға түскен.

Қазақстаннан 500 мың адам осы соғысқа қатысты. Солардың ішінен өз ерліктерін көрсетке Т.Бегельдинов, Луганский және тағы басқа ұшқыштар. Танктерде, партизандардың, саперлерден, мергендерден, пулеметшілерден атақты және бізге мәлім батыр аталарымыз бен әжелеріміз қатысты, олар туралы біздер мектепте сабақтарда өтеміз.

Қазақстан КСРО құрамында болды, ал тарихты еске түсірсек КСРО І дүние жүзілік соғыс жылдары Ресей Империясы болды. Ресей Антанта құрамында болды және жеңіс тапқан елдер құрамында болды. Бірақ осы соғыс жылдары Ресей империясында ұлт-азаттық көтерілістер, ақпан-қазан революциялары мен Азамат соғысы болды. Осы мәселелерді алғанда Ресей жеңіс емес керісінше жеңіліс тапты. Бұл мәселені қозғаған себебім Кеңес үкіметі құрылу жолында көп халық КСРО құрамында азап шекті деуге болады. Себебі 1921-1922 жылдарда және 1931-1933 жылдарда аштық болды, көрші елдерге қашып кетті, ал кейін 1937-1938 жылдарда КСРО халқы репрессия ұшырады. Осы қиғаларды алып келгенде ІІ дүние жүзілік соғыс қарсанында КСРО қаншама адамынан өзі айырды. Енді соғыс басталғанда әділетсіз және де мүмкін әділетті сотталғандарға бірдей қарап Штрафбат ротасына жіберді. Бұл роталарда қаншама ақылды, шебер солдаттар соғыста өздерін көрсете алар ме еді, бірақ олар бұл соғыста өз ерліктерін көрсетсе де бұл істері бағаланбады.

Бұл соғысқа тек қана солдаттар ғана емес ерлік көрсеткен, сонымен тыл жұмысшылары да күні түні еңбек етіп өздерін аямаған. Солдаттар майданда соғысып кейбіреулері неміс концлагерлеріне түскендер де болды. 1941- 1945 жылдар аралығында неміс концлагерлерінде болған солдаттарды соғыс аяқталысымен үйлеріне жіберген жоқ керісінше КСРО өздерінің лагерлеріне қамады. Соғыс уақытында бәріне мәлім сатқындарда болды, бірақ бәрі бірдей неміс лагеріне түскендер сатқын бола алмайды ғой. Бірақ соғыс уақыты бойынша, сотсыз ешқандай іс қозғаусыз Кеңес үкіметінде өмір сүрген халықтар соның ішінде қазақ халқы бар атылды және қамалды.

Қорытындылай келсем Екіші дүние жүзілік соғыс қазақ халқы және басқа халықтар үшін өте ауыр болды. Бұл соғыста атом бомбасында, улы газды, су асты соғысы да болды. Майданда солдаттар өз жерін, елін қорғау үшін өмірлерін аямады. Солдаттар өз ерліктерін көрсетті, біз осы ерліктері туралы ата-әжелерімізден және оқулықтардан білеміз, ал қазір заман талабына сай неше түрлі технологиялар дамуда, сол технологиялар арқылы біз сол соғыс қалай болғаны туралы ақпарат аламыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Қабидашова Айдана**

11 сынып, Кеңқияқ орта мектебі  
п.Кеңқияқ, Темір ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Құрмансейітова Г. М.

**Ұлы Отан соғысына қатысқан Кеңқияқ елді мекенінің ардагерлері**

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,  
Деп жылар қайран қазақ мен өлгенде.  
Ұрпақ айтар сексен мен жүздігімді,  
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде.  
Бауыржан Момышұлы

Осыдан 70 жыл бұрын, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғыс кенеттен басталғандықтан, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер, ауыл тұрғындары да соғысқа сұрана бастады.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға көптеген үлес қосты. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасты. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медал-ордендерімен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының батыры, 100-ден астам адам – Даңқ Орденінің толық иегері атанды. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Олар төрт атамыз: Талғат Бегилдинов, Леонид Беда, Сергей Луганский, Иван Павлов. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі ару қызы – мерген Әлия мен пулеметші Мәншүк бар. Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов.

Кеңес елін отарға айналдыру, ал оның халқын құлдыққа түсіру – гитлершілдердің дүниежүзінде үстемдік орнату жолындағы басты нысаналарының бірі болды. Фашистік идеологтар кеңес адамдарын саяси және нәсілдік тұрғыдан аяусыз қырып – жоюдың кең көлемдегі бағдарламасын әзірледі. Алайда тарихи тағдыры ортақ Отанын қорғауға ұмтылған көпұлтты халық бұл зұлымдық ойдың тас – талқаның шығарды. Кеңес одағы тас – түйін болып, аса қауіпті жауға қарсылық көрсетті. Жалпыға бірдей міндетті әскери іске үйрету өрістетілді, Республикамызда екі миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ қатарында мыңдаған қазақстандықтар шайқасқан кеңес жауынгерлері барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді. Брест қамалын қорғаушылар арасында қазақстандықтар А.Наганов, В.Фурсов, Қ.Тұрдиев, Ш.Шолтыров және де басқалар болды. Майдан даласында мыңдаған қазақстандықтар отаншылдық пен ерліктің үлесін көрсете білді. Мәскеу үшін болған шайқастарды еске ала келіп, Кеңес Одағының Батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы былай деп жазды: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады.. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік».

1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл атамыз «Ленинградтық өренім!» атты жырын арнап, онда көпұлтты еліміздің еңбекшілерінің сезімі мен алаңдаушылығын білдірді.

Зерттеуші ғалымдардың деректеріне сүйенсек, Қазақстаннан соғысқа аттанғандардың саны – 1 196 164 адам. Ал республиканың еңбек майданында 700 мың адам тартылған. Жинақтап айтсақ, Ұлы Отан соғысында Қазақстандағы 1,9 миллион адам аяғынан тік тұрып, жеңіс туын көтеру үшін жан беріп, жан алысты. Отанды қорғау үшін қолына қару алып, майданға аттанған қазақстандықтардың ішінде қазақтардың саны 655 мыңға жетті. Олардың 430 мыңының сүйегі сыртта қалып, туған жерлерінің қасиетті топырағы бұйырмады. Қабырғаны қайыстыратын тағы бір шындық – жау қолдарына 5,3 миллионға жуық жауынгер түсті, оның кемінде елу мыңы қазақтың қара көздері еді. Өкініштісі сол, тарихтың сарғайған ащы шындығы былай дейді: «Кеңес үкіметінің Халық Қорғаныс Комиссариаты 1941 жылдың 16 тамызында бірде – бір кеңес әскерлері жау қолына түспеуі туралы бұйрық шығарды». Бұйрықта: «Түссе тұтқынның өзі ғана емес, оның тума – туыстары да қуғындалады. Маңдайына «Отанын сатқандар» деген таңба да басылады», - делінген. Бұл бұйрыққа Сталиннің жантүршіктіретін «Совет тұтқындары қай жерде қолға түссе, сол жерде жоқ етілсін!» деген №270 бұйрығы тағы қосылды. Сонда көз алдарыңызға елестетіңіздерші, тұтқынға түскен қаншама қазақ тірідей жетім баланың күйін кешіп, шетте қалды? Олардың қанша тума – туысының соңынан қылышынан қан тамған Кеңес үкіметі күндіз шам алып түсті? Қанша қазақ немістің азабынан асып түскен Кеңес үкіметінің қорлығын көрді? Бұл жөнінде Кеңес үкіметі бар шындықты ашпағаны, Тәуелсіздіктің таңы атқанына қанша жыл толса да, әлі күнге нақты дерексөздердің жоқтығы өкінішті-ақ.

Жалпы, соғыс ардагерлеріне мемлекет тарапынан әртүрлі көмек көрсетіледі. Мәселен, Жеңістің 65 жылдығында соғыс ардагерлеріне 962 пәтердің кілті тапсырылса, 2778-інің баспанасын күрделі жөндеуден өткізген. Биыл да баспана берілуде. Бірақ әлі толық есебі анықталмаған.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысына Ақтөбе облысынан 122423 жауынгер аттанған еді. Соның 36191-сінің сүйегі майдан даласында қалды. Жралы болып елге оралған 86231 майдангердің де қатары біртіндеп азайып барады.

Ақтөбе өңірі Отан қорғау жолындағы үлгілі істің басында болды деуге болады. Ақтөбе қаласында 1941 жылы «321 – атқыштар дивизиясы», ал 1942 жылы «101 ұлттық атқыштар бригадасы» жасақталды. Бұл әскери құрамалар, майдан даласында ерен ерлік көрсетті. Ірі өндірістегі фабрикалар мен зауыттар ішкі Ресейден Ақтөбе өңіріне шоғырландырылды. Ақтөбе облысының құрамдас бөлігі, Темір ауданында соғыс жағдайының ауыр таукіметін бастан кешіре отыра, майданда жеңіске жету үшін барлық саладағы күштерін бір бағытқа жұмылдырды. Сол кездегі Темір ауданындағы біріккен әскери комиссариат арқылы тек қана Темір ауданынан емес, Мұғалжар аудандары, Байганин, Ойыл аудандарынан, Кеңқияқ және тағыбасқа елді – мекендерден 10 мыңға жуық азамат майданға аттандырылды, оның 3344-і майдан даласында шейбіт болған. Ардақ тұтар ардагерлеріміз бен тылда тер төккен еңбек ерлерінің жыл артқан сайын аралары сиреп бара жатқаны өкінішті, алайда олардың істеген ерліктері жас буын алдында ғибратты, өнегелі болып мәңгіге қала бермек. Соғыстың ауыр кезеңінде аудан халқының барлық буыны жауды жеңуге өз үлестерін қосты. Аудан өмірінің барлық саласындағы, әсіресе әлеуметтік-экономикалық қиындыққа қарамастан халық өндірісте, ауыл шаруашылығында, білім саласында, денсаулық сақтау салаларында аянбай еңбек етті. Бұндай елдегі соғыс жағдайы халыққа ауыр тиді, ерлері майданға әскер қатарына алынды, елде бала-шаға, аналар мен қарт адамдар қалды. Отанымыздың тылында қалған азаматтар да, қоғамның әр саласында аянбай тер төгіп, қыруар жұмыс жасады. 1943 жылы «Қызыл әскердің» жеңіске жетуіне орыластырылған жұмыс жоспарларын орындауда Темір ауданының жұмысшылары арасынан үздік болып шыққандар болды. Темірліктердің «Ұлы Отан» соғысы кезінде майдан даласында көрсеткен жан кешті қаһармандықтары мен тылдағы ерен еңбектерін қысқаша баяндасақ, осылайша тәмамдауға болады. Жауды жеңуде, Темір ауданының халқы өз тарапынан келген еңбектерін аямай, үлкен үлес қосты. Бұл еңбек, ерлік пен қаһармандық жас ұрпаққа өнег, үлгі болып қала бермек.

Дербесалин Мұса 1916 жылы дүниеге келді. Темір қаласындағы мектепте директор қызметін атқарды, жоғары білімді болып өсті. Жұбайы Дербесалина Әуе бастауыш сыныптарына сабақ берді. 1941 жылғы соғыстан оралған жоқ.

Есқалиев Қантөре 1924 жылы Кеңқияқ совхозында дүниеге келді. Сол жақта өсіп, жұмыс жасады. Есқалиев Сабыр 1925 жылы Кеңқияқта дүниеге келді. Соғысқа дейін жұмысшы болды. 1943 жылы соғысқа барды, 1947 жылы соғыстан келді. 1972 жылы дүниеден өтті. Есқалиев Сабыр Қызыл Жұлдыз ордені, Ерлігі үшін көптеген ордендермен-медальдармен марапатталды.

Шұбарши округінің ардагерлері:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- 1) Оразгалиев Каби – 1918 ж.
- 2) Оразгалиева Ажар – 1924 ж.
- 3) Тайманов Аманжол – 1921 ж.
- 4) Астафьева Антонина – 1924 ж.
- 5) Куздыбаев Тлеужан – 1924 ж.
- 6) Ахмидзиянов Ануар – 1925 ж.
- 7) Аманкулов Нұрғазы – 1923 ж.
- 8) Балмұханбетов Насрадин – 1925 ж.
- 9) Сакиев Бақытжан – 1925 ж.
- 10) Файзуллин Сыбағат – 1924 ж.
- 11) Максимов Шакен – 1925 ж.
- 12) Туребеков Байнияз – 1914 ж.
- 13) Мамбетов Жауымбет – 1925 ж.
- 14) Калиев Балкеш – 1925 ж.
- 15) Шыблаев Қожаш – 1925 ж.
- 16) Қоспаев Жұмабек – 1923 ж.
- 17) Қазбағанбетов Жақып – 1924 ж.
- 18) Жақабергенев Қайырлы – 1920 ж.

Республикалық ардагерлер кеңесінің хабарлауынша, Қазақстанда осы жылдың қаңтар айында Ұлы Отан соғысына қатысқан көзі тірі 11 мың 145 ардагер тіркеліпті. Олардың саны айлап емес, күн өткен сайып азайып барады.

Ал бүгінде Ақтөбе облысында 346 ардагер ортамызда аман – сау жүргеніне қуанамын. Өйткені олардың бойында соғыста Отан үшін, ел үшін, бүгінгі ұрпақтарының жарқын болашағы үшін жанын пайда еткен кеңес жауынгерлерінің өлмес рухы, өшпес бейнесі жатыр. Өздеріне бейбіт өмірді сыйлаған жауынгерлерді кейінгі ұрпақтың ұмытуға хақы жоқ. Қазіргі таңда ауданымызда Ұлы Отан соғысына қатысып ерлік көрсеткен ардагерлер 19 адам, соғыс жылдарында тылда жұмыс жасаған азаматтар 371 адам.

Жекелеген мәліметтер бойынша адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам село – деревнялар, 31850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4100 теміржол стансасы, 36 мың пошта – телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен – жексен болған немесе жартылай қираған. 400 мыңдай аурухана, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми – зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Әрине, бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Қаншама ата-әжеміз, аға-апаларымыз келешек ұрпақтары үшін осы жолда өздерін құрбан етті. Бүгінде Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ескерткіштеріне гүл шоқтарына қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Құрметті Ұлы Отан соғысына қатысқан ата-әжелер, тылда еңбек еткен абзал аналар, сіздер теңдесі жоқ ерліктер көрсете білдіңіздер және кейінгі ұрпаққа үлгісіздер!

**Қазыбаева Фируза**

10 сынып, №1 Хромтау орта мектебі  
Хромтау ауданы, Хромтау қаласы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Мұқашева Ж.Ш.

### Ұлы ерлік жолымен

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран»

1941 жылдың 22-маусымы халық санасында мәңгілік қалды. Себебі фашистік Германия соғысты жарияламай-ақ тып-тыныш жатқан елге баса көктеп кірді. Бұл соғыс Отанымыздың тарихында Ұлы Отан соғысы болып енді. Біздің халқымыз үшін соғыстың төрт жылы ұзақ га қаһарлы болды, жеңіске жетер жол ауыр болды. Ақырында майдың шуақты күні туып, 1418 күн мен түн күткен ұлы Жеңіс келді. Халқымыздың жеңіс жолына берген құрбандығы орасан зор. Соғыс жиырма миллион кеңес адамының өмірін қиып кетті. Іс жүзінде әрбір отбасы туысынан немесе жақынынан айрылды, соғыс өртіне шарпылды. Қаза тапқандардың қайғы-шері ешқашан тарқамайды. Қазақстан халқының Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік және еңбек ерлігінің даңқы ғасырлар бойы жасай береді. Бүгінгі күні Отан-ана өз ұлдары мен қыздарының, қолына қару алып, өзінің патриоттық парызын ақырына дейін өтеген, жеңіс көктемі келуі үшін қолдан келгеннің бәрін істеген әрбір адамның қаһармандығына, ерлігі мен батырлығына құрмет көрсетеді. Біздің еліміздің халықтары бейбітшілікті ұлы құрбандықтар арқылы жеңіп алды. Ешкім де ұмыт болған жоқ, ешнәрсе ұмыт қалған жоқ. Сұрапыл шайқастарда Армия мен Флот жауынгерлері, халық жасағының жауынгерлері, партизандар мен астыртын күрес жүргізушілер жау тобырының жолын төсін төсеп бөгеді. Тыл еңбеккерлері жанқиярлықпен қаһарлы қару шындап, майданға қажет нәрсенің бәрімен қамтамасыз етті. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі-ұмытылмас ұлы ерлік. Соғыс жылдары біздің халқымыз өз бойына қисапсыз көп нәрсені-шығынның күйігі мен жеңістің бақытын, кескілескен ұрыстардың ерлігі мен күнделікті еңбектің қарапайым ұлылығын сыйғызды. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс – әрқашан бізбен бірге болатын ерекше мереке. Ұлы жеңіс жолында біздің батырларымыз ерең ерліктің үлгісін көрсете білді. Ақтөбе облысынан майданға 122423 адам аттанды, соның 86231 адамы оралды. 36192 ақтөбелік соғыста қаза тапты. «Ел басына күн туып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен оқ кешкен» ауыр сын кезеңде біздің ақтөбеліктер кеуделерін от пен оққа тосты. Осы Ұлы жеңіске қазақстандықтар қосқан қомақты үлесте ақтөбеліктердің де лайықты үлесі бар екендігін орынды мақтан тұтамыз. Ұлы Отан соғысы жылдары еліміздің барлық аймақтары сияқты Хромтау өңірі де ер-азаматтарын майданға аттандырды. Соғысқа ауданнан 8,0 мыңдай адам қатысты, оның 3000-нан астамы майдан даласынан оралмады. Ал, бірқатары хабарсыз кетті, белгісіз қалғандардың тағдыры соғыстың жазылмас ауыр зардабы болып, бүгінге дейін туыс-бауырларының сүйектерін сыздататын қайғы болып қалды. Жерлестеріміз оқ пен оттың ортасында ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсете білді. 2000-нан астам хромтаулық майдангерлер ұрыс даласындағы батырлықтары үшін Кеңес үкіметінің орден-медальдарымен марапатталды. Қолдарына қару алып ер-азаматтармен бірге неміс басқыншыларына қарсы шайқасқан хромтаулық қыздар да бар еді. Олардың ішінен Т.И.Шербова, Н.Г.Керченская, Л.И.Долбнева, Л.Д.Шкулиналар майданнан оралмады. Ал, Ш.Рахметова, М.Р.Юрасова, Л.И.Муцнек, Н.И.Плотникова, П.А.Соснина, А.И.Саржанова, М.Ф.Сидельникова, М.Т.Федко, В.И.Ковалева, В.В.Данилович, М.Е.Родиналар соғыс даласынан оралғаннан кейін де ауданда әртүрлі салада жұмыс жасап, еңбекте де ерең ерліктің үлгісін таныта білді. Солардың арқасында келген Жеңіс мерекесі – бұл біздің жауынгерлік даңқымыздың мерекесі. Жыл откен сайын Ұлы Отан соғысының жаңғырығы алыстап барады. Бірақ халқымыздың тарихында елі үшін жанын аямаған, Ұлы жеңісті жақындатқан жауынгерлеріміздің ерліктері біздің жүрегімізде және келер ұрпақтың есінде мәңгі қалады. Жетпіс жыл-қандай өлшеммен алғанда да аз мерзім емес. Уақыт өз дегенін істейді женістен кейін туғандар есейіп, ер жетті, олардың балалары ересек болып қалды. Қатерлі соғыс жылдары артта қалды. Бірақ адамдар гитлерлік фашизмге қарсы болған күрестегі 1418 күн мен түнді ешуақытта ұмытпақ емес. Бүгінгі күні біздің Отанымыздың намысы мен бостандығын қорғап, Ұлы Отан соғысы майдандарында ерлікпен күрескен және адамзаттың жарқын болашағы үшін өз өмірлерің пида еткендерге терең алғыс сезімін білдіреміз.

Біз «соғыс» дегенді көрген жоқпыз, көрмесек екен. Соғыстың құны – тесілген жүрек, соғыстың құны – кесілген білек екенін білеміз. Біз – елдің болашағымыз, Елбасы айтқандай, 30 елдің қатарына кіру мақсатын жүзеге асыратын бәсекеге қабілетті, «Болашақ» бағдарламасын меңгерген ұл-қыздарымыз.

Кешегімізді бағалап, әлі де негізгі жол алда екенін, ол үшін жаңа күш-қуат керектігін түсінетін қазақстандық жастармыз.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» дегендей, мен үшін ата-бабаларымның сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне жетуіміз – осы ұлан-байтақ жерімізді қызғыштай қорып, көздің қарашығындай сақтап, жан алысып, жан берісіп, кейінгі ұрпаққа, яғни біздер мен сіздерге, аман-сау

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сақтап қалған айбынды азаматтарымыз бен ару, батыр қыздарымыздың арқасында. Халқымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», сұмдық ашаршылықты, саяси қуғын-сүргінді, Ұлы Отан соғысын бастан кешкен. Сондықтан, біз, кейінгі ұрпақ, бейбітшілік пен тыныштықтың бағасын түсінеміз.

2015 жыл – ерекше жыл. Өйткені Ұлы Отан Соғысының аяқталғанына 70 жыл толады.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» - дегендей, Жеңіс ұлы ерлік жолымен келді.

Осы қанды соғыста жан алысып, жан беріскен Отанының жолында жанын құрбан еткен ерлердің ерлік істері халық жадында мәңгі сақталатыны сөзсіз. Қазақтың қос жұлдызы пулеметші Мәншүк пен снайпер Әлия апаларымыз асқан ерліктерімен көзге түскені белгілі. Сонымен қатар Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Хромтау өңірінен шыққан қос батыр В.Величко мен Л. Шиловский секілді батыр аға-апаларымыз елін, жерін қорғау үшін алдына жан салмады. Ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты заманда өмір сүріп жатқаныма қуанамын. Осы ұлы ерлік жолымен келген бақытты заманды туғызған батыр аға-апаларымыздың ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз, өмірімізде үлгі тұтамыз. «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» деген қанатты сөз – әрбір саналы азамат үшін өзінің елі мен жерін қастерлеп, оны шексіз сүйюі үшін аянбай еңбек етіп, өзінің бойындағы қасиеттерінің бәрін соған арнауға ұран болатын сөз.

**Қалдыбай Мир-ғалым**

7 сынып, №3 Қарауылкелді орта мектебі  
Байғанин ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Тынышбаева Л. Ж.

**Әлия – батыр қызы сен халқымның!**

Саған белгі орнаттық мәрмар тастан  
Саған күнде қызыққан мөлдір аспан  
Саған күнде жазылған көркем дастан  
Саған күнде құшағын көктем ашқан  
Шолпан жұлдық өзіңсің шоқтай жарық  
Көз алмаймыз көркіңе тоқтай қалып  
Туған жердің төсінде мәңгілікке  
Тұр ғой сенің жүрегің оттай жанып  
Бәкір Тәжібаев

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс – адамзат баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам адам болып қалыптасқалы соғыстың бейнесін осылай елестетеміз. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай миллиондаған жанның өмірін жалмаған соңғы соғысты алайықшы. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет әкелген, жүрекке жазылмас жара салған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасына ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ұаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ, зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Ана баласымен, ер азаматтар сүйікті жұбайымен қош айтысты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда тракторшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болып, қару асынды.

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Ұлы Отан соғысының қасиеті мен қасіреті жаныңды түршіктіреді, әрі ерліктерге басыңды идіріп, таң қалдырады. Соғыс адам жаратылысының ғаламат құпияларының шексіздігін көрсетеді. Ел басына күн туған кезеңде рух пен намыстың мықтылығы сыналады. Тірі пендеге бір келетін ажалды арын кірлетпей, сары алтындай сабырмен кірпік қақпай қарсы алды. Жеңіс үшін қанға боялған даласы, аңыраған анасы, жетім қалған баласы үшін кескілесіп ұрысқа қарсы тұрды.

Еліміз тәуелсіздік туын көтеріп, оңы мен солын тани бастаған шақта, дәуірлер алмасып, құндылықтар таразыға түскен кезде халық жадындағы кейбір тұлғалар тіріліп, кейбіреулерінің өшіп жатуы – заңды құбылыс. Бірақ бір нәрсе өшпейді. Ол ерлік ізі. Ерлік елдің рухын асқақтатып, айбынын асырады. Тарих көшіне миллиондардың атын шығаратын бірегей бір туар тұлғалардың аса қажеттігі осыдан шығар. Халқымыздың басынан кешкен сан ерлік өнегесі ғасырдан ғасырға аңыз болған, өмір жолы мен ерлік ғұмыры Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы халықтарының достығының айғағына айналып отырған батырлығымен әлемді таң қалдырған Әлияның тұлғасы бір бөлек.

Әлия менің жерлесім. Ол Ақтөбе облысы, Хобда ауданы, Бұлақ ауылында дүниге келеді. Анасынан ерте айырылған Әлия нағашыларының қолында тәрбиеленеді. Кейін отбасылық жағдайымен Москваға, кейін Ленинградқа қоныс аударады. Әлия Ленинградты шын жүрегімен жақсы көрді. Бұл қала оның екінші Отаны болды. Әлияның мұғалімдері. Құрбылары өте ұстамды, терең ойлы, таза, ұқыпты болды деп еске алады. Үздік оқуы мен үлгілі тәртібі үшін Бүкілодақтық пионер лагері Артеkte дем алуға қол жеткізді. Соғыс басталған жазда Әлия детдомның балаларымен Ленинградқа қайтып оралды. Сабақтан кейін госпитальға келіп, жаралы жауынгерлерге көмектесті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1942 жылы Әлия Рыбинск қаласына ұшқыштар оқуына кетеді, кейін оқудың ұзақтығына шыдамай, әскери комиссариатқа өтініш беріп, техникумнан шығып кетеді. Кейін әйелдерге арналған тұңғыш атқыш- снайпер дайындайтын курсқа қабылданады. Әлия жақсы атқыш болды. Әлияны курста қалдыру ұсынысы болды, бірақ ол қарсылық танытып, майданға жіберуін сұрады. 1943 жылдың шілдесінде Әлия Солтүстік Батыс майданына 54-шы атқыштар бригадасына аттанды. 1944 жылдың қаңтарында Псков облысы, Насва теміржол станциясынан немістерді шығару мақсаты қойылды. Жауынгерлер фашистердің мықты қарсылығына тап болды. Әлияның ротасының командирі осы шайқаста қаза тапты. Жауынгерлер сасып қалды. Сол сәтте Әлия атып тұрып «Отан үшін, алға!» деп ұрандатты. Әлияның қолына минаның жарығы тиді, соған қарамастын Әлия қайсарлық танытып, неміс офицерінің көзін жойып үлгерді. Әлия екінші рет жарақаттанды. Соған қарамастан тағы бір неміс офицерінің көзін жойды. Казачиха деревнясының батысында, Смердель деген кішкентай өзеннің жағасында Әлия мәңгілік мекеніне жайғасты. 1944 жылдың 14 қаңтарында қазақ халқының ержүрек қызы Әлия Молдағұлова Отаны үшін, елі үшін шейіт болды. Оның батальондық достары Әлия үшін жаудан кек аламыз деп ант берді. Қаһарман қазақ қызының ерлігі жауынгерлерге күш- жігер берді, намысын шыңдады.

Қаһарман ерлік иесі Әлия бар болғаны он тоғыз жыл өмір сүрді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел сүйсінер ерлік жасап, артына аңыз қалдырды. Қанда жекпе-жекте қаршадай қазақ қызының қол бастап, қан майданға шығуы – қалай айтса да қайран қалдыратын ерлік. Соғыс амалдарында аса жауапты болатын мергендер қолма- қол соғысқа қатыспауы тиіс, алайда сол күнгі шайқаста барынша жанталасқан жауға шыққан шабуылда кейін шегіну өліммен тең еді. Кескілескен ұрыстағы Әлияның дауысы жауынгерлерге өлімді ұмыттырып, намыс жалыны болып шарпыды. Оның бейнесі біздің көкейімізге сол кездегі қалпында ұялап, жадымызда мәңгілік сақталмақ./3/ Әлияның мәңгілік аңыз ғұмыры ХХІ ғасырға аяқ басты. Ұлы батыр елмен ешкімді таңданта алмайсың, қызы батыр елді кім- кімде сыйлауға тиіс. Тәуелсіздік туын көтеріп, күллі әлеммен замана көшіне ілескен еліміздің ертеңі үшін Әлияның ерлігі ұрпаққа үлгі болып қала береді. Оның аңыз ғұмыры жалғаса береді. Әлия – жыр. Оның ерлігін естігендердің қалам тербемегендері кемде-кем. Әлия бейне, тас мүсіндер, кино, мерген қыздың суреті, майдангер белгісі болып қала береді. Әлия атында көшелер, елді мекендер, атаулар бар. Әлия ән болып шарықтайды, би болып мың құбылады. Әлия есімді қыздар дүниеге келіп, алды әже болуға қараған. 1999 жылғы санақ бойынша Ақтөбе облысында Әлия есімді адамдар саны алты мыңға жетіп қалады. Бір ғана Псков облысының Новосокольники ауданында үш ескерткіші бар. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде ашылған мұражайлар уақыт сынынан өтіп, көбеймесе азайған жоқ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қастерлеуге де ардақтауға да лайықты қаһарман қыз Әлияның мәңгілік өміріне жол ашқан- ерлік. Өйткені ерлік мәңгі жанып тұрған жалын емес пе? Өнер құдіреті арқылы жеткен Бәкір Тәжібаев пен Сейдолла Бәйтерековтың «Әлиясы» Роза Рымбаеваның орындауында ерліктің гимні болып әлемге тарап кетті. Мәңгі жас Әлия мәңгілік жолына шықты. Ғасыр тоғысында қайта түлеген елінің намысындай тарих сахнасына сіңіп кеткен ұлы түріктің, қайсар ұрпағының елесін еске түсіріп, болашаққа аттанып бара жатқандай. Әлияны ардақтау – исі қазақты ардақтау. Әлия намысы – тәуелсіздік туының тұғыры. Ол енді бүгінгі ұрпаққа ұран тұлға болып бара жатыр.

Биыл, қазақтың қайсар қызы Әлияның ерлігімен келген Жеңістің 70 жылдығы. Бұл сол кездегі өрімдей ұл мен қыздардың ержүректігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Әлия Жеңіс таңын көре алмады. Бұл күнді Әлияның майдандас достары тойлайды. Әлия рухына бас иеді, ескерткішіне гүл шоқтарын қойып тағзым етеді, жас ұрпаққа Әлия ерлігін аңыз етіп жырлайды. Бұл күнді өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып, бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары атап өтеді. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туыстарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді. Біз әрқашан Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз, бұл қасиетті күнді қазақтардың әлі талай буыны мерекелейтін боламыз.

**Қобыландина Гүлжауһар**

9 сынып, Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп  
Шалқар қаласы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Төлеуова С. Д.

**Жаумен арыстанша арпалысқандар**

Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес,  
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек-  
С.Торайғыров

«Жусаны мен жуасы бұрқыраған» сайын дала таңды бозторғай әнімен емес, «соғыс» деген қасыретті сөзбен қарсы алам деп ойлап па? Қасиетті Отанға сұр жыланның өрмелей ұмтылғанын естіген батырлықты борышым деп ұғар Қобыландының ұрпағы, жауды төріме шығармаймын дейтін Алпамыстың мұрагерлері елді жаудан қорғау үшін бір сәтте ойланбастан атқа қонды. Тылдың шаруасын қарт әкеге, аруана анаға, бесіктен белі шықпаған



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жас балаға, бетінің әрі кетпеген жарларына қалдырып, қару көтерер азаматтар майдан даласына қарай ағылды.

Соғыс – күйретуші күш. Талай армандарды күл етсе, талай талай гүлдерді мезгілсіз қатал соғыстың ызғары қарып өтті.

Ұлы Отан соғысы – бұл халықтың ержүректігін паш ететін, халық жадында мәңгі сақталатын мұңлы да мұңды күндер тізбегі.

Жаумен арыстанша арпалысқандар қандай күй кешті? Жауған оқтың арасында шайқасқандар жауға жанын берсе де бір адым жерін бермеді. Майдан даласында қазақтардың ерлік істері дастанға айналды.

Мәскеу үшін арпалысқан 28 батырдың, отқа орана жүріп «Қарғам-ай» әнін айта жүріп, жауға ажал отын шашқан Абдолла Жұмағалиевтің, қарнына тиген оққа қарамай автоматын тастамаған Төлеген Тоқтаровтың, дзотты кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағанбетовтың, орман арасындағы әр ағаштың түбінен шыға келіп, фашистердің зәресін алған Қасым Қайсеновтың қаһармандық даңқтары солдаттар арасында аңыз болып тарады. Қазақ ұландары соғыстың Жеңіс сағатын қайтпас қайсар батырлықтарымен осылайша жақындата түсті.

Осындай жау жақтан соққа дауылға кеудесін тосқан қандас тарымыздың бірі – Бауыржан Момышұлы. Қазақтың қара баласы өзінің сұңғыла ойымен, жүйрік ақылымен талай рет жауға ойсырата соққы берді. Жауынгерлер арасында да пенделікке бой алдырмады. Құрсауда қалып ашыққан сәтте де өзіне тиесілі НЗ-ны жемей, сарбаздардың көзінше батпаққа тастауының өзі ашығып келе жатқандарға үлкен рухани қолдау болды. Бірер минут бұрын шаршаңқы солдаттар Момышұлының әрекетінен кейін алға қарай адымдай басуы, Бауыржан атамыздың үлкен ұйымдастырушы, тек шендік қызметті атқарушы ғана емес үлкен әріппен жазуға болатын адам екенін білеміз. Кеңес Одағы Батыры атағын алмаса да қазақ халқы ғана емес Кеңес халқы да оны Батыр деп қабылдады. Тәуелсіздік алғаннан соң ғана қаһарман ұлға лайықты құрмет көрсетілді.

Ана болып, жар сүйер жаста қар құрсауында мылтық пен пулемет құшақтаған Шығыстың қос шынары атанған Әлия мен Мәншүктер ұрпағына жалынды жастықтың 20 жасынан қарап тұрғандай.

Мен, соғыс сұрапылын көргенім жоқ. Оның мұңын кешкенім де жоқ. Бірақ бұл сұрапыл өрт менің әулетімнен де айналып өтпепті. Атам 25 жасында өз тұрғыластарымен бірге соғысқа аттаныпты. Белоруссия, Украина даласында сыз жерді жастана жүріп жауға қарсы тұрды.

Құттықтаймыз, батырлар,  
Үдете бер жеңісті,  
Үнемі алға басындар,  
Жойғанша бар фашисті!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- ақындар жырлағандай, сұр жыланды ініне тыққанша тынбай, Берлинге дейін барып, «Берлинді алғаны үшін», «Германияны алғаны үшін» медальдарымен бірге III дәрежелі «Даңқ» орденін кеудесіне тағып, елге аман-есен оралыпты. Өкініштісі сол, атамның әңгімелерін естуді тағдыр маған жазбапты, 1983 жылы мен туылмай-ақ ол кісі дүниеден өтіп кеткен.

Үлкен нағашы атам Көрпебай да 41 жасында соғысқа алынады. Курск доғасындағы соғыста, соғыстың басталғанына дәл 1 жыл болғанда яғни, 1942 жылдың 22 маусымында жат жердің топырағы бұйырып, Белград қаласының маңына жерленеді. Ұрпақтары әке рухын ұмытпай бейітін тауып алып, тағзым етіп қайтты.

Жоқ, болмайды, мен өлмен,  
Өлмес менде өмір бар,

- Баубек Бұлқышев жырлағандай, Отан үшін омырауын отқа тосып, отбасына оралмаған боздақтардың екінші өмірі басталды. Бүгінде Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтері ашылып, ұрпақтар ерлікке тағзым етіп, етігімен су кешкен аға ұрпақты ұмытпауда. Ел мен жері үшін, халқы үшін отқа да, суға да даяр жандардың орны ерекше. Әр жыл сайын оларды еске алудамыз. Олар халық жүрегінде мәңгі өшпес із қалдырды.

Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр.  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп әнеки жағада тұр,

- деп Мұқағали ақын жырлағандай тірі келген жауынгерлер де кезек-кезек «келместің кемесіне» мініп жатыр. Жаумен арпалысып, «Жеңіс Туын!» ұран еткен бабалар қазірде күн санап азаюда. 70 жылдық мерекеге санаулы уақыт қалғанда әуеден жауды жусатқан, екі мәрте Кеңес Одағы Батыры атағына ие болған Талғат Бегелдинов та «келместің кемесімен» мәңгілік тұрағына аттанды.

Ата-баба ерлігі қанмен ұрпағына беріледі емес пе? Бейбіт кезеңде өмір сүріп жатсақ та, кескілескен соғыс өтіп жатпаса да, жат пиғылды жандар қай кезде де табылады екен. Міне, осындай арам пиғылмен жүргендерді ұстау барысында Келес өзенінің бойында қаза тапқан, өзім оқитын мектептің түлегі – Ерлан Ниязовтың ерлігі сол бабалар ерлігінің жалғасы дер едім.

Қаһарманға қаза жоқ, ерлікке тек тағзым бар. Сондықтан да ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес! Ерліктері ұрпаққа ұран болып, батырлар есімі біздің жадымызда жаңғырады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Қуанғалиева Толғанай**

9 сынып, Жарсай орта мектебі  
Қобда ауданы, Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Аяпбергенова А.А.

**Қазақтың қаһарман қызы болғым келеді**

Тілім барда қазағым бар, халқым бар.  
Дәстүрім бар, аты шулы салтым бар,  
Кіршіксіз қардай сақтандар!

Жеңіс күні – абыройымыз, кең даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген сезімін, оған деген мақтанышын дәлелдеді.

Жеңіс – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Ал біздің парызымыз бұл күнді есімізде мәңгі сақтау.

Біздің мемлекетіміз бай тарихпен, асқан ерлікпен ерекше табиғатымен күллі әлемге танылды. Осы тәуелсіздікке жетіп отырғанымыз – ел үшін күресте қаза тапқан ағалар мен батыл апаларымыздың арқасы. Олар бұл соғыста «Халқым үшін қасықтай қаным пида» деп ұрандаған. Олар қазақ халқының тарихында, барша Қазақстандықтарға ержүрек батыр, бетке ұстар патриот ретінде таңылған.

«Отаным» деп қан төккен қайсар батырларымыздың арқасында еліміз түрлі жетістіктерге жетіп, гүлденіп келеді. «Жеңіс» десе, ел қорғаған батырдың шайқаста қан төгіп, көкірегін оққа төсеген батырларымыздың ерлігі елестейді.

Отанымыз үшін отқа түскен батырларымыздың есімі ешқашанда ұмытылмас.

Ақтөбенің 24 адамы Батыр деген атқа ие болды. Соның ішінде Әлия Молдағұлова апамызда болатынды. Мен Әлия Молдағұлова апамыздың ерлігіне қызығамын, үлгі тұтамын. Менің арманым Қазақстан Республикасына мен өз ізімді қалдырғым келеді. Қазақтың қаһарман қызы болғым келеді. Әлия апамның қайсарлығына таңқалмасқа болмас.

Әлия қайсар қызы қазақтың,  
Ерлігіне таңданамын ғажап тым...

Әлия апамыздың Өмірбаянына қысқаша тоқталып кетер болсақ: Қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының батыры ( 4.06.1944 ) анасы Маржан қайтыс болғаннан кейін, нағашысы Әбәкір Молдағұловтың қолында тәрбиеленіп, Санк-Петербургтегі №9 мектепте оқыған Ресейдің Рыбинск

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

авиатехникумын бітіріп шықты. 1942 жылы өз ерлігімен Қызыл әскер қатарына алынып, мергендердің орта әйелдер мектебін үздік бітіріп шықты. 1943 жылдың тамыз айынан 2 – Прибалтика майданында 26 – Атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергендігімен көзге түсті.

Халқымыздың қаһарман қызы Әлия ерліктің, батырлықтың, Отансүйгіштің тамаша үлгісін көрсетті. Қазақтың қаһарман қызының ерлігі жоғары бағаланып, Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Әлияны бұл күнде  
Барлық бала біледі.  
Әлия аты – көңілде,  
Әпкеміз деп жүреді.  
Әпкеміз деп жүреді,  
Аты аңы, жыр қылып,  
Ердің батыр түлегі,  
Әр жүректе тұр күліп,

-деп Н.Жанаев ағамызда жырлаған.

Жүріп өткен жолдары нағыз аңыз  
Әлияны бүгін біз сағынамыз  
Дастанындай керемет мәңгіліктің,  
Иесіне ерліктің табынамыз  
Әлия деп ағады бал бұлақта  
Әлия деп сайрайды бұлбұл бақта.  
Көтеріліп күн көзі Әлия деп,  
Әлия деп ай туады біздің жақта  
Батырлықтың үлгісін бастады да  
Жарқырады Шолпандай аспаным.  
Жалғастырар деп ұрпаққа ерлігімді  
Өзі өтті өмірден қасқағымда.

Әлия апамыздың өшпес ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Сондықтан, біздер әрқайсысымыз, өз Отанымызды сүйе білуге, әрқашан оны қорғауға тиіс екенімізді, сондай – ақ үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тиіспіз!

Әрқашан еліміз аман!  
Жұртымыз тыныш болсын!  
Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Мамилаева Ақбике**

9 сынып, Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі  
Шалқар қаласы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Төлеуова С. Д.

**Отан үшін отқа түс күймейсің**

Адамзат тарихының дамуында үш азапты  
кезең бар: оба ауруы, аштық, соғыс...  
У. Гладстон

Тыныш жатқан қазақ халқы күтпеген жерден жан түршігерліктей соғыс оты шарпитынын білген жоқ. 1941 жылдың 22 маусымында сұрапыл соғыс басталып кетті. Бұл кезде Кеңестер Одағының құрамында болған Қазақстанның халқы да неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғысқа аттанды. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ «жеңіс» деген ұғым халықтың көкейіне әбден орнады. Қару асынғандар жеңіс үшін жанталасса, елде қалғандар тынымсыз еңбектің үлгісін көрсетті. Қапылыста алға басқан жау қанша ентелегенмен тегеурінді қолдар, қайсар жүректің иелері олардың адымын аштырмады. Адамзаттың басына қара бұлт үйірілді. Осы соғыстан кейбір азаматтар еліне ерлікпен қайта оралды, қаза тапқаны қаншама?! Бұл кездегі қазақстандықтардың көңіл-күйін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қаншама әйелдер жарларынан айырылып жесір атанды, жарық дүние есігін енді ғана ашқан жас сәбилеріміз ата-аналарынан айырылып жетім қалды. Осындай қиын сәттен қазақ халқы қалай шықты? Қаншама жас балалар, қаншама әйелдер жеңіс үшін өздері аш қалса да, жауынгерлерге азық тауып, жылы киімдер жіберді. Осы жеңістің сәтін миллиондаған халық төрт жыл сарғая күтті. Осы төрт жылдың ішінде талай адамның қаны төгіліп, талай өмірдің жібі мезгілсіз үзілді. Ел үшін, жер үшін, Отан үшін, болашақ ұрпақ үшін, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұлтына дініне қарамастан бүкіл халық оны қорғауға аттанып, қан төгіп, қасірет шекті. Олардың Отанына, жеріне, еліне деген патриоттық сезімін оятты. Сол күн туған кезде Отан үшін неміс басқыншыларына қарсы қолдарына қару алып майданға аттанған жауынгерлердің бір миллион үш жүз алпыс алты мыңы қазақстандық жауынгерлер болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ халқының ұл-қыздарының атақ-даңқын өшпестей болып тарих бетінде қалдырылды. Шайқас алаңдарында бірі жаяу әскердің құрамында, бірі өмірі көрмеген ауыр танкпен, бірі көкте қалықтай жүріп жауға шүйілді. Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Ақан Құрманов, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты ел аузында аттары жатталып қалған қазақтың ұлдары мен қыздарын қалай мақтаныш етсек те жарасады. Әкелеріміз бен ағаларымыз осынау қан майданға өздерінің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жанкештілік қаһармандығымен басқа еуропалық ұлттар алдында өжеттілігімен, қайсарлығымен танылды.

Бұл соғыс аяқталған уақытта өлеңдер, әңгімелер, жырлар, жоқтаулар көп шығарыла бастады. Бұған не себеп? Жақындарынан айырылған адамдар өз көңіл-күйлерін, мұң-зарларын жырлап айтқан. Мысалға Мұхтар Мағауинның «Бір атаның балалар» атты әңгімесінде Ертай мен Нартай тәрізді соғыстың зарын тылда тартқандардың саны есептелмеген де болар. Әкесі соғысқа кетіп, анасы аурудан қайтыс болған балалар өздеріне пана болғандарды ата-ана есебінде қабылдамайды. Ақыры отбасыларын іздеуге шыққанда жолда үсіп өледі. Жалғыз бұлар емес басқа ұлттың балалары да жетім қалды. Сол кезде кеңпейіл, қамқор қазақ азаматтары өз балаларындай көріп, бауырына басты. Мейлі қазақ болсын, мейлі басқа ұлт өкілі болсын қазақтар үшін бәрі бірдей еді. Оларға адам баласы деп қарады. Балаға деген жүрек түкпірінде сақтаған сағыныш пен мейірді осындай балаларға арнады. Балалары соғыста өлген Ахмет қарт сияқтылар ұрпақты жалғастырушы деп қарады.

Мұқағали Мақатаевтың «Соғыстың соңғы көктемі» өлеңіне қарасак:

Жасылмен бояп қойған ба?!  
Жап-жасыл таудың бөктері  
Қырлар да, мынау ойлар да,  
Жап-жасыл болып көктеді.  
Соғыстың соңғы көктемі.  
Көп болды, жасыл тауларға,  
Жап-жасыл бұлттар шөккелі.  
Әкелді шуақ бар маңға,  
Соғыстың соңғы көктемі.  
Соғыстың соңғы көктемі,  
Көп болды нұрын төккелі.  
Жап-жасыл анау аспан да,  
Аспан да, сірә, көктеді.  
Бойына таудың асылып,  
Шұғыла тұрды, көк меңі.  
Қызғанып, гүлін жасырып,  
Қылтанақтар да көктеді.  
Соғыстың соңғы көктемі.  
Жап-жасыл шыбық, тал-дағы,  
Орманның жасыл шекпені.  
Қуанта, бірақ, алмады,  
Сонау бір үйді шеттегі,  
Соғыстың соңғы көктемі...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

– бұл өлең да қарап отырсақ соғыс кезінде шығарылған. Өлеңде ақынның ішкі сезімі жазылған.

Барлық әлемді дүр сілкіндірген бұл соғыс 1945 жылы аяқталды. «Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» деп ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, жер әлемді сілкінткен соғыс өртінің жеңіспен тұншықтырғанына да 70 жыл толды. Жеңістегі басты жетістік – сол кездегі ортақ Отанымыз болған Кеңес елінің бүкіл халықтарының ынтымағы, олардың достық бауырластығы, әрбір жеке азаматтың Отанға деген патриоттық сезімі еді. Кең байтақ Қазақстан Республикасын мекендейтін отбасылардың ішінде шаңырағы шайқалмаған бірде-бір түтін жоқ шығар. Осының өзі Қазақстан халқының Ұлы Жеңіске теңдесі жоқ үлес қосқанының, жеңіс күнін жақындатқанының жарқын дәлелі.

Ел шетіне кірмек болған жау найзасының ұшын сындырып, қасық қаны қалғанша, соңғы демі біткенше, бар күшін Отанына берген ержүрек жауынгерлерді келешек ұрпақ мәңгі ұмытпайды. 9 мамыр – күн қазақстандықтар үшін қуанышты күн. Дегенмен, соғыста қаза тапқан адамдардың отбасы үшін қайғылы күн шығар деп ойлаймын.

Қаншама жауынгердің іздеушілері әлі де іздестіруде. 70 жыл өткен соң бауырының бейітін тапқандардың өзімен тірі қауышқандай күй кешуде. Себебі олардың жүрегіндегі сағыныш 70жылдын бері үдей түссе де мұң мен зардың уыты тараған жоқ.

Бүгінгі күні кейбір елдердегі соғыс туралы, лаңкестердің іс-әрекеті туралы естігенде адамдардың өмірдің құндылығы туралы түсінбейтініне таң қаламын. Адам баласы аз ғана ғұмырын тыныштықта, бейбітшілікте өткізсе деп тілеймін. Ел – жұртымыз тыныш болғай!

**Меңдібаева Гүлжанар**

8 сынып, Ақтөбе облыстық дарынды  
балаларға арналған мектеп-интернат Ақтөбе қаласы  
Жетекшісі: Джулаева Б. Б.

### **Батыр бабалар ел жадында**

Ұлы Отан Соғысы – тарих шежіресіндегі ұмытылмас таңба. 1941жылдың күзінде басталған бұл жойқын күрес, көп адамды зар еңіретті, ананы ұлынан, баланы әкесінен, әйелді жарынан айырды. Талай үй қара жамылды, балалар жастайынан жетім қалып, әке тәрбиесінен оқшау қалды. Соғыс төрт жылға созылды. Нәтижесінде біз жеңдік, жеңіс туы көгімізде желбіреді. Бұның бәрі еліне адал болған, отаны үшін жанын қияр ерлеріміздің, нәзік жанды болса да отан дегенде жүрегі елжірер, қайсар аруларымыздың арқасы. Олар шексіз марапатқа да, мақтауға да лайықты. Жеңіс сыйлағаны үшін оларға жас ұрпақтың атынан мың да бір рахмет. Ұлы Отан соғысында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ерлік көрсетіп аттары кітапқа, газет-журналға еніп бізге жеткен ағаларымыз бен апаларымызды мақтан етемін. Олар жас жауынгерлерге үлгі ғана емес, мақтанышта бола білді. Олар әрбір азаматтың отанға деген патриоттық сезімін оятты. Соғысқа қазақтың біршама батырлары қатысты, олардың 103-і «Қазақ Кеңес Одағының батыры» атағымен марапатталды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Сергей Луганский, Иван Павлов, Талғат Бигельдинов, Рақымжан Қошқарбаев және қос шынарымыз Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәмбетова тағы басқалары. Бізге қойылатын міндет – Ұлы Отан соғысы ардагерлерін құрметтеп, оларға қалған ғұмырларында бар жақсылықты сыйлау. Олардың батасын алып, үлгі тұтқым келеді. Жыл сайын ардагерлер саны да азайып барады, бірақ оларды біз ешқашан ұмытпаймыз, себебі, Қазақстан тарихында олар мәңгі сақталады. Соғыс ардагерлерлеріне, олардың отбасына қазіргі кезде мемлекет тарапынан әртүрлі жеңілдіктер жасалынып жатыр.

Жыл сайын жеңіс күнінің қарсаңында мектеп, аурухана, емхана тағы да басқа ұжымдар жиналып ардагерлерге сыйлықтарын, тілектерін, жылы лебіздерін жеткізеді. Сондай бір кездесулердің бірі өткен жылы №6 емхананың ұжымы қаладағы бір топ ардагердің үйіне барып мерекелерімен құттықтады. Алдымен 92 жастағы Л.Абрамовтың үйіне барып хал-жағдайын сұрап, Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтап сыйлық табыстаған. Осындай үлкенді өздеріне үлгі тұтатын қазақ азаматтары көп болғай. Олар мәңгілік мақтаныш! «Ер есімі ел есінде» дегендей ел аузында жүрген қазақ батырлары ұмытылмасы сөзсіз. Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24-ші желтоқсанда Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде дүниеге келген. Ұлы отан соғысының қаһарманы әрі соғыс кезінде қағаз мен қаламды өзіне сырлас етіп біраз шығармалар жазып қалдырған. Биыл Бауыржан атамызға 104 жыл толады. Оның соғыстағы ерлігі елеусіз қалған жоқ. Ол өз ұлдары мен келіндерінің алдында сыйлы болғанын келінінің атасына арнап «Шуақты күндер» атты кітап арнағанынан білуге болады. Бұл кітап күнделік іспеттес жазылған онда келіні атасын «тұйық қатал мінезді бірақ ақкөңіл, адал» деп суреттеген. Бұл барлық келіндерге үлгі боларлықтай шығарма. Бауыржан атамыз да соғыста ақтық демі қалғанша Отанына адал болды, елі мен жері үшін жанын пиде етті... Нағыз патриоттық сезімді жалау етіп, үлгі етіп қалдырды.

Талғат Бигельдинов Қазақстан мақтанышы, соғыс майдангері әрі ұшқыш. Ұлы Отан соғысы кезінде ИЛ-2 ұшағымен неміс басқыншыларын жою үшін 305 рет көкке көтеріліп ерлік көрсеткен. Талғат атамыздың өмірі тұнып тұрған-аңыз, тіпті шыр етіп дүниеге келуінің өзі қызық. Батыр атамыздың бұл еңбегі мен өнегелі өмірі кейінгі ұрпаққа аңыз күйінде қалмақ.

Әлия Молдағұлова біздің мақтан тұтып кейінгі нәзік жандыларға үлгі болатын қайсар аруымыз. Біздің жерлесіміз Ә.Молдағұлова Ақтөбе облысы Хобда ауданында дүниеге келген. Жастайынан өмірдің тауқыметін көрген, анасынан айырылып балалар үйінде тәрбиеленген. Кейін соғысқа қатысу



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

туралы өтініш жазып майданға аттанған. 1944 жылы соғыста қаза тапты. 1944жылы 4 маусымда еңбегі еленіп, Кеңес Одағының Батыры атағы берілді және Ленин орденімен марапатталады. Ә.Молдағұлованың ескеркіштері Ақтөбе, Алматы, Мәскеу қалаларында орналасқан. Сонымен қатар Ә.Молдағұлованың атындағы көшелер де аз емес. Соғыстың кімге болса да ауыр тигені сөзсіз. Соғыс майданында қаза тапқандар да аз емес. Бір Кеңес Одағының өзінен 20 миллион жауынгер жер құшты. Қазақстандықтардың соғыс кезінде жасаған ерліктері мен отандарына деген адалдығы қазақ тарихында, қазақ жадында мәңгі ұмытылмайды. 9-Мамыр Ұлы Жеңіс күні. Ата-әкелеріміздің тер төгіп аңсап жеткен күні. Қолымыздың арайлы таңға, бейбітшілікке жеткен күні. Осыдын дәл 70 жыл бұрын Ұлы Отан соғысы аяқталып, бейбітшілік туының желбіреді. Бүгінде Жеңіс күні бар ұлтқа ортақ, қуаныш, шаттық күні. Ұлы Жеңіс күні туралы қазақ кинолары жарық көріп жатыр. Жұбан Молдағалиев «Біз жеңеміз!» деген өлеңінде:

Жатқан да Отан жері отқа жанып,  
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,  
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,  
Жігіттің неге жүрміз атын алып?

-деп жырлағандай, жеңіс туы әрқашан желбіреп, егеменді еліміздің жарқын болашағына жол салады.

**Мұқашева А.**

5 сынып, Ақжар қазақ орта мектебі  
Ақжар ауылы, Хромтау ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Наранбаева Р. Т.

**Отты жылдардың жауынгері – Шолпан Рахметова**

Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты.  
Б.Момышұлы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жылдай уақыт өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған қыздардың бірі – жерлесіміз Шолпан Рахметова апайымызды мақтанышпен айта аламыз. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

«Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деп Б. Момышұлы айтып кеткендей, елі, жері үшін кеудесін оққа төсеген өрімдей қыздарымыз Томирис апамыздан бастап, кешегі Әлия, Мәншүк апаларымыз ер азаматтармен бірге бел буып, батырлықпен ел қорғады емес пе?! Үлгі тұтарлық батырлардың бірі – Шолпан Рахметова.

Шолпан Рахметова – орыс әуесі мен неміс әуесінде ерлік көрсетіп, халқымыздың аруларына тән қасиетті таныта білді. Анасы ерте қайтыс болған соң нағашысының қолында, Мәртөкте орыс мектебінде 7-ші класты аяқтаған соң, білім алуды жалғастыруға мүмкіндігі болмайды. Сұрапыл соғыс басталған соң, 1942 жылы өз еркімен майданға аттанады. Шолпан Қожамұратқызы Саратовта үш ай оқиды. Оқу аяқталғаннан кейін оны Калинин майданына жібереді. Шолпан Рахметова бірінші Украин майданының екінші әуе армиясының 728-ші полкіне жіберіледі. «Кеңестер Одағының Батыры» деп аталатын брошюрода батыр ұшқыш С.И.Лазаревтың естелігі берілген, онда біздің жерлесіміз Шолпан апай туралы «Менің ұшағымды жанармаймен қамтамасыз ететін, оқты дайындап отыратын жауынгерім – нәзік жанды, талдырмаш, жап-жас қыз Шура еді» деп жазған болатын. Шолпан Рахметованы майдандас жолдастары «Шура» деп атаған.

Ұлы Отан Соғысының ең қырғын шайқастардың бірі – Курс шайқасына қатысқан жауынгер қыз Шолпан Рахметова ержүректігімен көзге бірден түскен болатын. Біз кейде «достық» деген сөздің мәнін терең түсіндіре де білмейміз. Ал, нағыз ұлтаралық достықтың арқасында Ұлы Отан Соғысында жеңіске жеткенімізді Шолпан апайдың өмірі арқылы танып, білген едік.

Шолпан апай құрамында болған эскадрилия Украинаны, Белоруссияны, Польшаны, Чехословскаяны, Албанияны фашистік Германиядан азат еткен. Біз кейде «достық» деген сөздің мәнін терең түсіндіре де білмейміз. Ал, нағыз ұлтаралық достықтың арқасында Ұлы Отан Соғысында жеңіске жеткенімізді Шолпан апайдың өмірінен көруге болады. Мелитополь қаласында шығатын «Серп и Молот» газетінде Ұлы Отан Соғысының ардагері, Шолпан Рахметованың майдангер жолдасы 1990 жылы былай деген болатын: «Майдандағы қиын-қыстау кездері менің көмекшілерім Саратовтық Виктор Муригин және қазақстандық Шолпан Рахметова болды. Сөйтіп, бір украин, бір орыс, бір қазақ ұйымшыл да тату экипаж болдық». Қазақ қыздарының қайтпас қайсарлығы мен көрсеткен ерлігі арқасында жеткен жеңіске де міне, 70 жылдай уақыт өтіпті.

Елге оралғаннан кейін Шолпан апай тұрмыс құрып, еңбекке араласқан. Хромтау өңірінің Тассай деген жерінде өсіп-өніп, аяулы жар, ардақты ана, мерейлі әже атанған Шолпан апай 2004 жылы өмірден өтті. Отыз жылдан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

астам уақыт сауда саласында қызмет еткен болатын. 1976 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталуы соғыстан кейінгі өмірде де халыққа тынбай еткен еңбегінің жемісі ретіндегі дәлелі іспеттес.

1991 жылы Шолпан апай Мәскеуге шақырылып, өзінің майдандас жолдастарымен кездеседі. 1992 жылы өздерінің полкінің 50 жылдық мерекесіне Севастополь қаласына барып қайтады.

«Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» - деген Бауыржан Момышұлының жалынды сөзі отты жылдардың жауынгерлерін есте мәңгілік сақтап, қадір тұт, келешек ұрпаққа үлгі-өнеге ету Сіздердің міндеттеріңіз деп ұрандатып тұрғандай.

Әлемге әйгілі туған өлкем – Хромтауды мақтан етуден әсте жалыққан емеспін. Хромтаудың қарапайым да адал, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, еңбек еткен азаматтарымен мақтанамын. Шынында да, «Адал еңбек – азамат абыройы»-демекші, Шолпан Рахметова адал еңбегі, Отанына деген сүйіспеншілігі мен ерен еңбегінің нәтижесінде елінің қошеметіне бөлене білді. Қазақ қыздарының ер мінезділікпен жауға қарсы кеудесін оққа тосып алға ұмтылуы, оны абыроймен жеңіп елге келіп, ерен еңбек етуі, барша қазақ қыздарына үлгі бола білуі – біз үшін ұмытылмайтын ерлік, өшпес өнеге болып табылады.

Сондықтан да, біз өмірімізге жол ашып беретін осындай адал жанды, абыройлы адамдардан үлгі алуымыз керек. Саналы ғұмыры елін, жерін қорғауға, еліне еңбек етуге арналғанын біз – бүгінгі жас ұрпақ мақтан тұтамыз.

Ал, халқымның мұраты: еркін халық болу, өзгелермен терезесі тең мемлекет болу, өз ішінде береке-бірлік пен ынтымақ орнаған халық болу. Бұл мұратты жүзеге асырудың негізгі шарты – әрбір Қазақстан азаматының қатардағы қоғам мүшесі деңгейінен мемлекеттің саналы әрі белсенді азаматы әрі өз Отанының, халқының нағыз патриоты дәрежесіне көтерілуі болып табылады. Патриоттық тұрғыда тәрбиелеуде, тек қана ер адамдардың көрсеткен ерлігін үлгі тұтумен шектеліп қана қоймай, қайсар қыздарымыздың да ерен еңбегін тілге тиек ете білу, келешек ұрпақты тәрбиелеу жолында алар орны ерекше деп білемін. Сондықтан да «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» дегендей, Хромтау өңірінен шыққан жерлесім – Шолпан Рахметованың Отты жылдардағы ерлігі мәңгі ұмытылмайды!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Мұрадинова Бағдат**

8 сынып, Ақтөбе облыстық дарынды  
балаларға арналған мектеп-интернат Ақтөбе қаласы  
Жетекшісі: Джулаева Б. Б.

**Ұлы жеңіске – 70 жыл**

Ұлы жеңіске – 70 жыл. Ұлы жеңіс тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халқы үшін де үлкен оқиға. Соғыс қанша пенденің өмірін қиып, көптеген елді-мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр адамның жүрегіне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті оқиға ғана емес, ол сонымен қатар еліміздің теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі. Ата-бабаларымыз өздерінің қаһармандық дәстүріне адал бола білді. Сол бір кезде «бәрі ел үшін, бәрі ұрпақтарымыз үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен қорықпай жауға аттанған батырларымыздың есімдері ешқашан ұмытылмайды. Мәңгі жүрегімізде қалады. Сол батырларымызға бас иіп тағзым етеміз. Енді сол күндердің қалай болғанын сонымен қатар, тарихқа көз жүгіртсек.

1941жылы 22-маусымда гитлерлік Германия КСРО-ға опасыздықпен шабуыл жасайды. Сол күні кеңес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырады. 1941-1942жылдары өзге Республикалардан Қазақстанға 142 кәсіпорын көшіріледі. Алматы қаласының өзінен 34 завод, фабрика жабдықтары орналастырылды. Міне, осының бәрінен елімізде береке, бірлік көрінеді. Елін, жерін қорғау үшін сол кезде қазақ азаматтары мен азаматшылары халқы үшін жастайынан соғысқа қатысып жанын пида еткен. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі – Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге» деп айтқан болатын. Мен көшбасшымызбен келісемін. Шынында да біз батырларымызбен мақтанамыз. Олардың ерліктері мәңгілік өнеге болып қалады.

Қазіргі кезде соғысқа қатысқан, батырларымыз азайып барады. Біз оларды тек жеңіс күнінде ғана сыйлаймыз, құрметтейміз. Ал басқа күндері ше? Басқа күндері ардагерлерімізді ұмытамыз. Осы кезде менің есіме Мұқағали Мақатаев атамыздың:

Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-деген бір шумақ өлеңі есіме түсіп отыр. Шынымен де, көз алдымызда елімізді қорғаған ардагерлеріміз азайып бар жатса, неменемізге жетісеміз. Ендігі біздің парызымыз-сол ардагерлерді қамқорлыққа бөлеу.

Әр адамның міндеті Отанды қорғау. Барлығы өз парызын орындауы керек. Адамның алға қойған бір мақсаты болады. Мен егемен елімнің ертеңгі болашағына қосар үлесім зор. Әуелі жақсы оқып, ата-анамның үмітін ақтау. Одан кейін елімді қорғау. Болашақта дәрігер болуды армандаймын. Өскенде дәрігер болып, Қазақстанның санын арттыру. Қазақ жеріне түрлі емханалар салып, ауру адамдарды өзге елден емес, өз елімізден емдеп жазатын боламын. Сол арманға қол жеткізу үшін ұстаздарымыздан сапалы білім, саналы тәрбие алып, еңбекқор азаматша болып өскім келеді. Мәңгі бақи жеріміз егеменді еліміз әрқашан жарқырап тұруына көптеп септігімді тигіземін. Мен осы байтақ елімнің азаматшасы, мақтан тұтар халқымның қызы болғым келеді. Туған елімді ешқашан сатпаймын. Өзімнің ең асыл бұйымымдай сақтаймын. Сонда ғана Тәуелсіздігім мәңгілікке мирас болмақ. Өзімнің жүрек жарды өлеңімді оқып берейін.

Егеменді елімнің ыстық екен таулары,  
Онда өткізген армандарым балалықтың шақтары.  
Қымбат маған жерімнің әрбір өлке құмдары,  
Мәңгі мақсат жетелейтін алға жолдары.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздің ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күші – ең қадірлі күш. Қазақстан елінің тәуелсіздігіне биыл 22жыл. Қазақстан осы жылдар ішінде көркейіп шыға келді. Осының барлығы ата-бабаларымыздың және еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасы. Міне, солардың арқасында Қазақстан әлемге әйгілі болып келеді. Әр елде көк туымыз көкке көтеріліп, әнұранымыз асқақтай бастады. Елімізге келген қонақтар да біздің қонақжайлығымызға таң қалады. Және кетерде өз тілегін білдіріп, рахметін айтып кетеді. Еліміздің жас таланттары басқа елдің жарыстарына қатысып, жүлделі орындармен оралады. Және Қазақстан 2017жылы болатын «ЕХРО-2017» көрмесін жеңіп алды. Соған қазір қызу дайындық жүріп жатыр. Осының барлығынан қазақ халықтарының ауызбіршілігі көрінеді. Қазақстан дамып келеді, осымен тоқтап қалмайды, әрі қарай дами береді. Мақтап айта берсем, мақтайтын жетістіктеріміз баршылық. Аз ғана жылдарда дамыған елдер әлемде сирек кездеседі. Сирек кездесетіндердің қатарына Қазақстан мемлекеті жатады. Мен өз еліммен мақтанамын. Маған өзге елдерден гөрі өз елім артық. Кейбір адамдар болады. Туған елінде тұрып басқа мемлекетті мақтайды. Ондай адамдар өмірде өте көп. Өзге елдің емес өз елінің патриоты бол. Мен шығармамның соңын сиясы кетпеген өлеңіммен аяқтағым келеді:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тыныш болсын жер бетінің әлемі  
Бұзылмасын сәбилердің ұйқысы.  
Жеңіс күнін тойлап жатыр бұл күні,  
Естен кетпес сол соғыстың серпілі.  
Гүл шоқтары қойылады еске алып,  
Талай жанын қимады ғой қиналып.  
Тағзым етем бабалардың рухына  
Жыр жазамын қаламымды қолға алып.

**Неталиева Шахида**

7сынып, Шұбарқұдық гимназиясы  
Шұбарқұдық кенті, Темір ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Мауленбергенова Ш. М.

### **Даланың дарабозы**

Адамзат тарихындағы сұрапыл соғыс – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл. Өмір мен өлімнің арпалысында өмірдің жеңгеніне 70 жыл. Күллі дүниені сапырған алапат дауылдың, аспан мен жердің арасын жалмаған, жанталасқан озбыр, о жар дүлейдің тыңғанына 70 жыл. Елдің ерлігін, ердің ерлігін танытқанына 70 жыл.

Міне, осынау ел басына түскен аласапыраннан біз қайғылы күйде де асып-тасып төгілмейтін, бей-берекет шашылмайтын бабаларымыздың ұстамды батырлық мінезін, ерлік істерін көре алдық. Олардың бойындағы адамдық сезмінің байлығын, Отаны мен туған халқына деген шексіз махаббатының құдіретін көрдік. Ақылға, айлаға, сезімге негізделген ерліктің үлгісін көрдік.

Сондай-ақ асылдық пен жасындықтың үлгісіндей, елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, аты аңызға айналған баһадүр батыр Бауыржан Момышұлындай атамыз бар екенін біліп өстік.

Батыр ағамыздың өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі – біле білгенге ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі.

Сұрапыл соғыстың алғашқы кезінен бастап-ақ Бауыржан есімі халық арасында аңыз болып тарады. Оның батырлық істері, фашист-басқыншылармен күресу айласы туралы неше түрлі аңыз-әңгімелер туындап, ел ішіне шапшандықпен жайылды.

«Жоқтан – бар, айырдан – нар шыққан» Бауыржан Момышұлының майданда жеке басының ерекшелігімен қолбасшы болуы, мыңбасшыдан түменбасы дәрежесіне дейін көтерілуі – Күлтегін, Қобыланды, Қабанбай, Қарасай, Сұраншылардан қалған ерлік дариясының жылғасы екендігін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

көрсетеді. Ел аңызына сүйенсек, бірде Бауыржан Жамбыл ақынға сәлем бере барыпты.

– Полковник Бауыржан деген батыр балаң – осы, - деп таныстырғанда, карт ақын Бауыржанға қарап:

– Батыр болсаң, айтшы Өтегеннен мықтымысың, әлде Сұраншыдан сұстымысың? – дейді.

Сонда батыр:

– Өтеген – лаулаған өрт, Сұраншы – телегей теңіз, мен-теңіздің тамшысы, өрттің ұшқыны ғанамын ғой, Жәке – дегенде, – Жүрегінде ғана емес, тілінде де бір нәрсе бар екен, қой әкеліндер батырға! -деп Жамбыл атамыз риза болып, батасын берген екен.

Ал Бауыржан атамыздың Ұлы Отан соғыс майданындағы аңызға лайық ерлігінің шын жағдайынан бірер мысал келтірсем...

Дивизияны жасақтау негізінде И.В.Панфилов жауынгерлерге берілген ғимараттардың сыйымдылығын және ерекшеліктерін білуге Бауыржанды жұмсайды. Тапсырманы тыңғылықты орындаған Бауыржанға Панфилов: «Жазу-сызуыңыз жаман емес екен. Бұл жоспарда маған керекті мәлеметтердің бәрі де бар көрінеді» – деуі кейіннен «Сізден басқа адам құрған жоқ. Сіз – батальон командирісіз. Сіз сияқтыларды қазақ мыңбасы дейді» - деп нық айтуы де ерекше дарынның даралығын түсінгендіктен болса керек. Аса үлкен талантының арқасында даңқты қолбасшыға айналған Бауыржан атамыз 20 рет батальонды бастап соғыс өткізеді, 5 рет дұшпан қоршауынан қақ жарып, батальонды аман алып шығады.

Батырдың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі қазақ ақындарының қаламына аңыз болып ілікті. Дауылпаз ақын Қасым Аманжолов ол туралы былай десе:

Бір дауыл сапырды кеп өрт теңізін,  
Теңселтіп темір топан дүние жүзін.  
Бетіне туған жердің өшпестей ғып,  
Ер жазды өз қанымен жүрген ізін.  
Нақ сол кез естідім мен ер дүбірін,  
Атағы атын алып келді бұрын.  
Үстінде туған елдің тұрды толқып,  
«Бауыржан Момышұлы» деген бір үн.  
Жан ұқпас жұмбақ емес бір жасырын,  
Айтады ол тіке қарап жұртқа сырын.  
Жаратпас жамап-жасқап жұрт ескісін,  
Соғады өз дүкені сөз асылын.  
«Батырым – Бауыржаным» дейді халқым,  
Алып ұш, ақын жүрек ердің даңқын.  
Келешек келе жатыр көремін деп,  
Тік басып туған жерде жүрген қалпы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

– Қалижан Бекқожин:  
Томаға киген тау бүркіт,  
Қадайды көзін құздарға.  
Сонда бір шынды жаңғыртып,  
Саңқылдап ұшқын мұз-қарда.  
Сабалап сонда қанатын,  
Қиқулайтын дауылда.  
Шүйілсе бұғып қалатын,  
Аң да, құс та, тауың да.  
Енді маңы тып-тыныш,  
Жоқ дауыл да, тықыр да.  
Отыр тарлан сұсты құс,  
Топшысын бүгіп тұғырда,

– дейді.

Мұның бәрі халқымыздың өзінің батырына деген ыстық сезімі мен кең пейілін, оның жауға қарсы күрестегі ерлігіне ризалығын танытады.

Сондай-ақ батыр Бауыржан Момышұлы – алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат.

Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде мәңгілікке сақталмақ.

Ерлік, елдік жолы батыр бабамыздың өмірінің мән-мағынасы еді. Ол халық батырларының тіршілігінен қуат-нәр алды. Өмірі батырлықтың үлгісі болды. Жазушы өз кітаптарында майдандас достарының ерлік жолдарын паш етумен болды. Ол «Жауынгердің тұлғасы» (1958), «Майдан» (1961), «Майдандағы кездесулер» (1962), «Офицер күнделігі», «Төлеген Тоқтаров» (1965), «Генерал Панфилов» (1966), «Москва үшін шайқас» (1969) атты шығармалары арқылы әскери жазушы екенін елге өзін таныта білді. Ол майдан өмірінің қат-қабат шындығын шыншылдықпен бейнелеп, ерлік істерін үлгі етті.

Б.Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың көркем бейнесі іспетті. Батыр атамыз Б.Момышұлы – жеке басының ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі, әрі әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген бір тұлға азамат.

Оның: «Елің үшін аянба – ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын. Парыздан күшті күш жоқ. Парыздан жарқын жарық жоқ. Парыздан кіршіксіз тазалық жоқ. Парыз – арман мен даңқ асқары. Парыз – адал берілгендік тамыры. Парыз – ержүректік рухы. Парыз – қаһармандық жүрегі.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Парыз – ұлттың іргетасы» – деген дана сөздері көңіліме қонады, өйткені парызын сезінген адам биіктен көрінеді.

Олай болса, достар, алдымымыздағы Ұлы жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ел намысын қорғаған бабалар ерлігіне тағзым еткеніміз абзал. Ел бостандығы үшін қан төккен боздақтарды еске алып, әруақтар алдындағы парызымызды еске сақтайық.

Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік.

**Нұрпейіс Іңкар**

10 сынып, Жиренқопа мектебі  
Қобда ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Халхаман М.

### **Қанды жылдар қасіреті**

Қазақ халқы тәуелсіздігін алып, егемен ел болғанға дейін тары жол тайғақ кешулерді, азапты күндерді басынан өткізді. Міне, қасіретке толы өткен қасіретті жылдардың бірі – Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысы 1941 – 1945 жылдар жер бетін қанға бөктіріп, жер жаһанды дүр сілкіндірген зуламат соғыстың зұлымдығы қаншама ұмытылмайтын ауыр қасірет әкелді. Бақытты елдің бақытын ұрлаған, бейбітшілікті жаны қалайтын, шаңыраққа ұя салған қарылғаш екеш қарлығаштың да ұясын талқандаған соғысты жүз бет шығармаға да сиғызу мүмкін емес.

Бұл тақырыпты ашу үшін сол сұрапыл соғыс туралы жазылған естеліктерді, кітапханалардан, мұрағаттардан, ғылыми зерттеулерден іздеуді жөн көрдім. Бүгінгі таңда азапты жылдарды басынан өткізген, ерен ерліктерін жыр қылып айтатын дана ардагерлеріміз қазір жоқтың қасы. Соғыстан соң жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлық. Осындай сұрапыл соғыстың әсерінен қаншама түгін өшті, қаншама бала әкесіз, қаншама жар жесір қалды. Осындай елдің елдігі, ердің ерлігі сыналған заманды, азапты күндерді қазақ ақындары жырларына арқау етті.

Ерлікті, елдікті жырлаған ақынның бірі Әбділдә Тәжібаев:

Қасиетім менің,  
Адалдығым менен ақтығым.  
Жаныма қуат  
Жүрегімнің таза пәктігі.  
Тәңірімнен күнде  
Көз жасыммен тілеймін  
Өтсем екен деп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тірі жанға болмай жаттығым,

- деп жырлағандай, парасаттылық, адалдық, пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді ту етіп ұстап өткен Қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті күнде Отанды қорғауға жұмылды..

Міне, бүгін осындай қасіретті, қара-ала күн Ұлы Отан соғысының арта қалғанына 70 жыл өтіпті. Бұл қасіретті жылдары, қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмақ емес.

Естен кетпес қилы заманда Отан үшін, ел үшін қасықтай қанын қиған қазақ – батыр халық. Қазақ ежелден батыр, ержүрек халық.

Ол жылағанды жұбатады, еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар шыңдарына сүйенеді, еңкей қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Аузын ашып сөйлесе таңдайынан жер мен шешендік төгілген Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай күші бар, қиыстырып жол табар Абылайдай батыры бар бірлігі бекем ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін ұстай білді. Қазақ жұртының дархан даласы қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халық қан майданда ерлік мінездері мен елдік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті. Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығы мен Отан сүйгіштігімен, ержүректігімен, кең пейілділігімен көрінді. Майданға кеткен мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз ауыр еңбекке әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер жұмылдырылды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді. Темірдей қатал тәртіпті ұстанған адамдар еріксіз жұмыс істетулеріне қарамастан, асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетусіз-ақ адам нанғысыз ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Елі үшін жанын құрбан еткен қазақтың ұлдар мен қыздарын бүгінгі ұрпақ ешқашан ұмытпақ емес. Ерлікпен есте қалған батырлардың қаншамасы туған еліне, алтын ұясына оралмады, қаншамасы қыршынында қиылып, майдан даласында жер жастанды.

Дүниені дүр сілкіндірген осы алапат соғыста ерен ерлігімен, еңбекте төзімділігімен қазақтың 497 азаматы Кеңес Одағының Батыры атағын алды, тарихта өшпестей із қалдырды. «Ел шетіне жау тиді» дегенді естігенде Бөгенбай, Амангелді, Қабанбай, Керей мен Жәнібек батырлардың ұрпақтары қолдарына қару алып, бір кісідей кеуделерін оққа тосуға әзір екендіктерін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

білдірді, елі үшін өлуге, елін қорғауға ант берді.. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль- ордендермен марапатталса,

500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың қайсар, ер жүрек екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов.

Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Қанды шайқас Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды.

Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты.

Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Ұлы ерлігімен қорған болған батырлардың ерлік істері талай ақындардың жырларына арқау болды. Көсем де көреген, батыр Бауыржан Момышұлы: «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» дейді.

Елін, жерін найзаның, ұшымен, білектің күшімен, шешендігімен қорғаған батырлары бар және қайтпас қайсарлықпен, табандылықпен бүгінгі қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заманға жеткен біз – бақытты елдің ұрпағымыз. Сол бір артта балған қаралы күнді ескетүсіргенде аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 70 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бүгінгі күнде сол жеңімпаздардың ерліктері артында қалған ұрпақтарына аңыз болып жетті. Соғыс майданында аңызға айналған батырлардың ерлігі, ауыр да қатал жұмысқа төзе білген еңбекшілердік ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес! Батырларымыздың анталаған жаудан елін, Отанын қорғап қалған, байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып танылуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Қазіргі таңда біздің азаматтық міндетіміз, борышымыз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру, тәрбиелеу, елді жерді қорғау, береке-бірлікті сақтау.

Ата-бабамыздың арманы орындалып, көк байрағы көк аспанда желбіреген, қыраны қалықтаған, ән ұраны әуелеген теңдесі жоқ егемен ел болдық. Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүруіне, зор мүмкіндік жасады. Сондықтан біз, болашақ жастар, осындай байтақ та, бейбіт елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Осы шығармамды Мыңбай Рашевтың мына бір өлең үзіндісімен аяқтағым келеді.

Жыр болып қалған артына-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мерт болды солай дос ғажап!  
Өмірін арнап халқына,  
Өрлікпен өтті жас қазақ.

**Нүрпейісова Ақжүніс**  
11 сынып, Қобда гимназиясы  
Қобда ауданы Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Амиргалиева Р. И.

### **Ерлік пен елдік – мәңгілік**

Ерлік – елдіктің биік өлшемі. Ел басына төнген қиын-қыстау сәттер халықтың өз ортасынан топ бастайтын серкелерін, жанын пида етер жаужүрек перзенттерін тарих санасынан алып шығады. Солардың рух көтерер үрдісті әрекеттері, қынулы қимылдары жалпыны бір ортаға шақырып, жеңісті жолға бастайды. Өткен ғасырдың орта тұсындағы неміс фашизмі басқыншыларының бейбіт жатқан елге қанқұйлы шабуылы халықты бостандық жолындағы күреске көтерді.

Сонау 1941-1945 сұрапыл жылдар халық есінен әлі де болса кете қоймаған болар. Тұтқиылдан шабуыл жасаған неміс әскерлері елді есеңгіретіп тастады. Бұл адамзат тарихындағы ең сұмдық және әділетсіз соғыс болып тарих қойнауына кете барды. Біз сол соғысты талқандап, жеңгенімізді әсте ұмыта алмаймыз. «Жеңіс» -деген сөздің өзі қаншалықты адамға күш-қуат береді десеңізші! Біздер, жас ұрпақтар, сол жеңісті күндерге жеткізген кеңес әскерлерін және жауынгерлердің ерліктерін мақтан тұтамыз.

Соғыс... қаншама үйдің түтінін сөндіріп, қаншама үйдің шаңырағын ортасына түсірді. Балалар – жетім, әйелдер – жесір, аналар балаларынан айырылды. Осының барлығы не үшін, кім үшін болды екен? Кеңес одағының бір кездері қазаққа көрсеткен қорлығы, зорлық-зомбылығының бәрі ұмытылып, бір жағадан бас, қол жеңнен қол шығарып, майданға аттанды. Бұл қазақтың ақкөңілділігінің белгісі емес пе?! Бір кездері ақ патша мылтық бермей қорлаған қазақ халқы Кеңес одағы үшін жан қиған қазақтардың батырлары мен жасаған ерліктері тарих алдында дәлелдеуді қажет етпейтін шындыққа айналды.

Мен Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылының он бірінші класс оқушысымын. Мен киелі Қобда өңірінде туып өскенімді мақтан тұтамын. Себебі Қобда өңірі тарихи шежірелі оқиғаларға толы.

Әлия бар болғаны 19 жас өмір сүрді. Жауынгерлік жолы да қысқа болды. Оның өмірі аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Батырдың ғұмыры қысқа да даңқы ұзақ. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына аңыз қалдырған жанның арман-тілегі қандай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болды десеңізі. Ол өмірді сүйді, оған құштар болған жан еді. Оның бейнесі көкейімізде жас қалпында ұялап қалды. Әлия туралы аз нәрсе жазылған жоқ. Бірақ осының барлығы Әлияның бүгінгі күн мен келешекке берерін сарқа алмайды. Өйткені Әлияның тұлғасы алыстаған сайын биіктеп, айтқан сайын жаңғырып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табатын жанды құбылысқа айналғандай. Аtpал азаматтардың тізесі дірілдеген қанды жекпе-жекте қаршадай қазақ қызының қан майданға шығып, 78 неміс жендетін жоюы, қалай айтса да қайран қалатын ерлік емес пе! 19 жастағы осы күнгі бозбала бойын шаққа алып жүретін болса, осындай жастағы талдырмаш Әлия ауыр мылтықты арқалап, мұз жастанып, ел шетіне баруы шын мәнінде өр тұлғалы екенін мойындатқаны.

Сондықтан болар сол сұрапыл жылдардан бастап Әлия туралы қалам тербеменген ақын-жазушылар кемде-кем. Оның есімі ерлік болып естіліп, жүрегімізде мақтаныш сезімін тудырған. Әлия есімі қазақтың есімі болып танылды.

Содан бері жылдар көшінде Әлия есімі Жеңіс парадынан бастап, әрбір жыл сайын қайталанып келеді. Мындаған қыздарға Әлия есімі беріліп, олардың өздері бұл күні әже болды. Бірақ ерліктің алауын жаққан Әлия сол он тоғыз жасар күйінде біздің көңілімізде елдік пен ерлік биігінде тұрып қалғаны анық. Әлия ауылында Әлия патриоттық орталығы бар. Бұл мұражайда Әлияның соғыста көрсеткен ерлік істері көрініс тапқан. Әлия есімі алтын әріппен тарихта қалары сөзсіз. Біз Әлияның ерлігін әрқашан биік ұстауға сөз береміз.

Батыр болып тумайды. Батырлықтың өзі жолдан тап болмайды. Тегінде бардан тектілік шығады, асыл таса сынды қырланған соң, оның жарқылы да жалпақ елге аян болады. Әлия туған топырақ қазақ тарихында белгілі мекендер еді. Ол туған Бұлақ ауылының жанынан Қарақобда мен Сарықобда қосылып, үлкен Қобда арнаға түсер жердің жанында Абат-Байтақ мазарының құпиясы әлі ашылған жоқ.

Осы киелі Қобда өңірін қарап тұрсақ, нағыз батырлар мекені. Кешегі өткен Махамбет пен Исатайдың жорығы да осы маңда болғаны рас. Батырлар өлкесі қасиетті Қобда жерінде Әлияның дүниеге келуі де сол бір ерлік дәстүрлерінің сақталуы болып көрінеді. Қобыландының қылышы, Бекет атаның аса таяғы, Исатайдың денесі жатқан бұл өңірде батыр тууының өзі бір заңдылық... Кешегі Ұлы Отан соғысында Қобда ауданынан Әлиядан өзге жеті Кеңес одағының батыры шықты.

Олар: И.Білтабанов, Н.Терещенко, Н.Кошелев, Н.Колесников, В.Пятковский, И.Прохоров, А.Жанұзақовтың шығуы да тегін емес.

Ұлы отан соғысы әрбір отбасына қасірет алып келіп жазылмастай жүрегіне жара қалдырды. Тек күні кеше ел жолында жан қиған боздақтарымызбен қоса ұлан-ғайыр атамекенімізді қорғап қалған бағзы бабаларымызға рухани өмірімізді қалыптастырған ойшылдарымызға ризагер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұрпақтың атынан тағзым етіп, құрмет көрсетуде. Біз қазір өткел өтінде тұрмыз. Тарих бүгінгі ұрпақтың мойнына бабаларымыздың да иығына түсе қоймаған ауыр жүк артып отыр. Абыройлы атқарып шығу үшін өлінің шарапатына, тірінің қолғабысына жүгінбеске шара жоқ. Бағалай, базарлай білсек, халықтың ақ маңдайына біткен абзал азаматтары, ардагерлері, арыстары аз емес. Ақ алмастай асылдардың әзіз есімін әспектеп, қымбат мұрасын үкілеп ұстау, қадыр-қасиетін өзіміз тану, өзгеге таныту, оларды ардақтау, қастерлеу-біздің баршамыздың елдік, әрқайсысымыздың перзенттік парызымыз.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл болса да елімізді жаудан қорғаған ерлеріміздің есімі мәңгі есте, тарихта қалары сөзсіз, олардың өшпес ерлігін ұмыту мүмкін емес. Желтоқсан оқиғасына қатысып, тәуелсіздік алу жолында ерлік пен қаза тапқан аға-апаларымыздың ерлігі де тарихта алтын әріппен жазылып қалатыны анық. Тағылымының тамыры терең өз билігін енді алып бой көтерген тәуелсіз елдің азаматтарының патриоттық сезімін оятып, ата дәстүрінен басталған ерлік рухына тәрбиелеу бүгінгі күннің басты қағидасы. Тәуелсіздік – елдігіміздің белгісі. Әр уақытта көк туымыз биікте самғап, Әнұранымыз шарықтай берсін!

Мен өз елімнің өсіп өркендеуі үшін бар білімімді, бар күш-жігерімді, ата- бабаларымыздың алып берген сара жолдан айнымай, халқым үшін адал еңбек етуге әрқашан да дайынмын.

Әрбір жас ұрпақ өз елін көзінің қарашығындай қорғап, елжандылық танытып, атамекенін сүйіп өтуі парыз, әрі азаматтық борышы деп білемін!

Ерлігіміз, елдігіміз мәңгілік болсын деп тілеймін.

**Убайдулла Гауһар**

10 класс, №3 Қарауылкелді орта мектебі  
Байғанин ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Тынышбаева Л. Ж.

**Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ!**

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,  
Жақсылық пен құштарлықтың құмары.  
Күрескердің арманы мен ұраны,  
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.  
Қара бұлтқа оранбасын күн көкте,  
Барлық халық бейбіт өмір сүрмекте.  
Отанының бақыты үшін мерт болған,  
Батырларды есінде ұста, құрметте!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс! Жеңіс – ұшқалақ мінезбен қабылдай салатын ұғым емес. Астарына бір сәт үңіліп қараңызшы. Осы бір ғана сөз үшін талай боздақтың төгілді қаны, талай жанның тапталды ары, сан әйелдің опат болды жары, өмірдің артта қалды мәні, соғысқа арналды сол заманның әні, қыршыннан қиылды талай жастың жаны, ақыры атты Жеңістің нұрлы таңы. Аналарды аңыратқан, жас баланы жамыратқан, қарашаңырақты қаңыратқан соғыс бұл. Ендеше сол бір соғыс тарихына көз жүгіртіп көрейікші.

Екінші дүниежүзілік соғыс – адамзат тарихындағы ең ірі жанжал, ең ұлы шинеліс. Соғысқа жержүзі халықтарының 80 пайызын құрайтын 61 мемлекет қатысты. 1940 жылы 18 желтоқсанда А.Гитлер «Барбаросса» жоспарын құрды. Гитлер бастаған басқыншылар Кеңес Одағын бас-аяғы 6-10 аптаның ішінде талқан етуді көздеді. 1941 жылы 22 маусымда сенбіден жексенбіге қараған түні фашистер ұшағының тізбегі Каунас, Киев, Минск, Одесса, Севастополь қалаларына әуеден соққы берді. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3000 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы, олардың бұл жоспарын күл- талқан етті. Соғыс өрті ішке тез еніп, Брест камалынан тірі қалған қорғаушылары партизандар қатарына қосылды. Олардың қатарында 191 қазақстандық болған және олардың көбінің сүйектері Беларусь жерінде мәңгілікке қоныс тепті.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилі соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен беларус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға қамал болып жұмылды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест камалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктің үлгісін көрсете білді. Украинаны, Кавказды, Беларуссияны, чехославакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында Жеңіс Туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде- бір шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып тастаған. Тіпті арыға бармай- ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңестер Одағының Батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн қазаққа шаққанда басқа халықтардың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның астында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы Өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ- дәрі мен азық – түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам Жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей- теңіз екенін байқар еді. Осы аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан екі миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары елге, туған жерге оралмады. Бұл соғыс қайғы-қасырет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама боздақтардың жазықсыз қаны төгілді. Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен!

Фашистік Германия тізе бүкті. Бірақ сол сұм соғыс өзімен бірге Кеңестер Одағы қатарынан 27 миллион адамның өмірін жалмады. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени құндылықтарды құртты. Міне соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек! Осыдан 70 жыл бұрынғы жеңіс сонысымен қымбат, сонысымен құнды. 1418 күн мен толарсақтан қан кешіп, кейінге ұрпақ біздерге тыныштық әкелгені үшін қасиетті. Әрине, Жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі үшін, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. Содан бері зымырап 70 жыл өтіпті.

Еліміздің тарихында орны ерекше Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қанша мыңдаған қазақстандықтар ел болашағы үшін өздерінің қыршындай жастарын отқа салды. Сол ел басына күн туған сұрапыл жылдары қанды майданға аттанған әрбір қазақстандық жасұланның жүрегі мен тілегі бір Отан деп соғып, қыршын жандарын Отан үшін қиюға дайын болды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық- жаңа экономикалық өрлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында « Ұлы Жеңіс Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі болып табылады. Бірде – бір соғысқа қатысушы, олардың жесірлері, бірде- бір тыл еңбеккерлері көңілден тыс, көзден таса қалмауға тиіс, олардың ешқайсысы өзін мемлекет айналып өткен жандай сезінбеуі керек. Біздер әкелеріміз бен аталарымыздың жанқиярлық күресі мен жеңісі үшін, олардың біздің бейбіт өмірімізді қамтамасыз еткендері үшін құрмет көрсетуіміз тиіспіз» - деген болатын Қлы



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан соғысында бейбіт өмір үшін қан төгіп, болашақ ұрпақты бақыты үшін ауыр жарақат алып елге Жеңіспен оралған қарт солдаттар қатары күн санап азайып бара жатыр. Олардың ерлігін дәріптеу, құрмет көрсету біздің басты міндетіміз деп білемін.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістың ұмытылмайтыны сияқты, жүрекке өшпес жара салған сұм соғыста ұмытылмастай із қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Өз Отанын қорғаған жауынгер- солдаттар мен офицерлер айбынын, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік сабақтарының мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.. Біздің аталарымыз бен әжелеріміздің батырлықтары мен жанқиялықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл- бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеудің жоғары адамгершілік негізі.

**Уразова Ақырыс**

9 сынып, Терісаққан орта мектебі

Қобда ауданы Ақтөбе облысы

Жетекшісі: Ключева Гулназ Жаугаштыевна

**Ел қорғаған-ер баба**

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін тажал. Ұлы Отан соғысының кешегі естен шықпастай болған сол бір кез, күн-түн демей жаумен жағаласқан жылдары ешқашанда ұмытылмайды. Денеге қадалған оқ орны, жарылған бомба жарықшағы күйдірген жара жазылды. Бірақ халқымыз Отан тәуелсіздігі жолында жанын пиде еткен ұлдары ман қыздарының есімдерін ұмытқан емес. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғанына, міне, биыл 70 жыл. Біздің халқымыздың ашық аспан астында бейбіт еңбек етіп, бақытты өмір құрғанына да 70 жыл. Сол қанды кезеңді еске түсіріп елестетін газет- журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеге жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп әнеки жағада тұр

- деп тебіренген Мұқағали мұңын да жұмырбасты пенде үшін теңдесі жоқ ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдардың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, ерлігімен, отанының туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға тартпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн- жеңіс күні! Бұл күннің толғағы қатты болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол- өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол- күш әрине, қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді  
Ел, ер болып сақтаймыз  
Сенен аяр жан да жоқ,  
Барлығы да сен үшін,  
Саған қауіп төнгенде  
Жау таянып келгенде,  
Қамсыз тыныш жатпаймыз  
Атыс ұлттың адамы,  
Қол ұстасып үн қосып,  
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалды. Сол кездегі Кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толар сақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғанға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың жүз бес жылдық мерейтойы жеңістің 70 жылдығымен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдікпен жаралған ойы тұңғиық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі-ел есінде»- демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбігімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды!

**Сақыпжанова Гүлсана**

9 сынып, Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі  
Шалқар қаласы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Төлеуова С. Д.

### **Соғыс деген адамзаттың ауыр дерті**

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,  
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.  
Бомбаның орнын тегістеген,  
Күректер музейге қойылсын.

Тыныш жатқан кең дала! Жусан иісі аңқыған, жасыл желекке оранып жатқан мына ұлан-байтақ жерде халық бейқам өмір сүріп жатқан. Ертеңгі күні бұл күннің жан түршігерліктей сұрапыл соғысқа ұласатынын кім білген?! Арайлап атар бұл таңның әнмен емес, ұшақтың гүрілімен атарын кім білген. Себебі, арқа сүйер ер-азаматтары соғыс майданын кешіп, қарттар мен балалардың көз жасын көлдетіп қайғы шеккен күні, кескілескен соғыстың бастау алған күні. Адам баласы үшін соғыстан асқан кесапат жоқ. Соғыс! Жалғыз ауыз сөз. Бірақ қандай қорқынышты?! Соғыс дегеніміз – қайғы – қасірет, қантөгіс, өлім – жітім. Соғыс дегеніміз – күн сайын туған – туыстан, жақын – жорадан, қарулас досыңнан айырылу.

1941 жыл, 22 маусым. Таң атысымен мұздай қаруланған фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалық Одағына шабуылын бастады. Ел шетіне жау кірген соң етігімен су кешіп, қазақ ұландары да Батысқа бет алды. Мындаған жауынгерлер жауға барынша тез жетіп, қайткенде де сұрапыл шеруін тоқтатуға асығады, батуға айналған күнмен жарысып, батысқа қарай, туған Отанының жағасына жармасқан жау шебіне жеткенше тыным табар емес. Ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жауынгерлердің нәзік жүректері майданда тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Бұрын-соңды болып көрмеген жойқын соғыс бір сәтке де саябыр таппайды. Жаз айының аңызағы астындағы от үрлеген жолдарда тыным жоқ. Майдан шебіне жаңа күш ағылып жатыр. Аспанда қаралы жалау сияктанған кара түтін будақтап тұр. Ол жақтан тынымсыз гүріл естіледі. Онда соғыстың сойқанды сиқы мен сұмдығын тұңғыш рет көрген жас жауынгерлер, кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер фашист құзғындарымен тынымсыз шайқасып жатыр. Жау қолы күшті, орсан күшті. Оның әр ел, әр ұлттан құралған әскерлері бүкіл Еуропа қорында бар құралмен қаруланған. Жау күшті ғана емес, қатал, жауыз. Ол өткен жерде аққан қан мен саудыраған сүйек, жалындаған өрт пен қираған жұрт қана қалады. Соғыс өртіне күйген жазық дала қарша бораған оқ пен зірк-зірк еткен зеңбіректен, сансыз снаряд пен бомба гүрсілінен көз ашпайды.

Ұлы Отан соғысы кезінде жеңіс сағатын жақындата түсуде қазақ елінің қосқан үлесі телегей теңіз еді. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы қазақ жерінде құйылды. Қарағандының көмірі, Ембінің мұнайы, Жезқазғанның жезі жауға ахал отын бүрікті. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. «Ерлік те үлкен қасиет, Ерлікке әлем бас иеді» демекші олар жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Бұл майданда көптеген ұлт өкілдері бас қосып, фашисттерге қарсы шықты. Ана баласын, жесір жарын жоғалтып, бала ата-анасын жоғалтып жетім атанды. Тылда бесіктен белі шықпаған баладан еңкейген қарияға дейін соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп бірде аш, бірде тоқ жүре тынбай еңбек етті. Мұның барлығы жеңіс үшін, майдан үшін, Отан үшін жасалды. Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Себебі, олардың бойында Отанға, елге, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі болды, жерін қорғаған батырларға үлкен сенім артылды. Қолына қару алып сапта тұрған көптеген ұлт өкілдері бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жүріп, бірлесе тізе қосып, жауға қарсы тұрып, жеңіс сағатын жақындатты.

Адамзат тарихында болмаған сұрапыл соғыста бірлік, достық жолында жан қиған, бүкіл қазақ қаһармандарына айбарлы атақ берілді. Батырлардың батыры: Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Нұркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова, Ідіріс Үргенішбаев, рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев. Аласапыран майданда қан кешіп жүріп, жазушылықты батырлығымен ұштастырған ерлер де болды. Солардың ішінде шоқтығы биігі – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы әдебиет майданы мен әскери өнерде артына қайталанбас ұлан-ғайыр ұлттық рухани мұра қалдырған ерекше қаламгер. Оның ерліктері мен тағылымы мол тың еңбектері елге мұра болып қалады. Алайда халқының шын мәніндегі қаһарман ұлына Қазақстан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана «Кеңес Одағының Батыры" атағы берілді. Мәскеу үшін болған шайқастарды еске ала келіп Б. Момышұлы былай деп жазды: «Біздің жүрегіміз темір емес, бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... Біздің үрейлі жеңетін қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік». Бұл сөзінен қас батырдың еліне, туып өскен жеріне деген сезімін, махаббатын, сүйіспеншілігін байқаймыз. Осы сүйіспеншілік сезімі арқылы жеңіс сағаты жақындай түсті.

Осынау сұрапыл жылдарда майдан даласында жанкешті ғұмыр кешкен батыр жүректі қазақ қыздары да болды. Шығыстың қос шынары атанған Әлия мен Мәншүк майданда ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Байтақ далада еркін өскен қазақ қыздарының ғұмыры сонау алапат соғыс жылдарында қыршындай үзіліп кете барды. Бірақ олар ұлы даласы үшін асқан ерлік көрсетті, батырлық танытты.

Жеңіс бізге атылған оқпен ғана келген жоқ, әнмен де, өлеңмен де келді. Мұның ішінде ел мен жерде жүріп, жеңіске тілектес болған қаламгерлер да, аласапыран майданда қан кешіп жүріп Отанын, халқын жырлаған ақындар да болды. Ленинград үшін шайқастың ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім!» – атты жырын арнады. Ленинградтық өренім

Мақтанышым сен едің!  
Нева өзенінің сүйкімді  
Бұлағындай көремін  
Көпіріне қарасам,  
Өркеш-өркеш жарасқан,  
Шоқылардай дер едім.  
Сапырылған көк теңіз,  
Шомылдырып кемерін!  
Шамы күндей жайнаған,  
Аспанға үйлер бойлаған  
Арқа тұтып алыста,  
Айбыным деп ойлағам!

Өлең жауынгерлерді алға жетеледі, жігерлендірді. Жаңа ерліктерге көтеріп, үлкен ұрыстарға жеңіс дабылын қақты.

Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен...

Бұл кезде жеңісті сан миллиондаған адмдар төрт жыл бойы минуттап,сағаттап сарыла күтті. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталып,тілектері орындалды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Адамзатты дүрсілкіндірген бұл соғыс 1945 жылы 9 мамырда аяқталды. Бұл күн – Жеңіс күні. Жеңіс күні – адамзат аңсап күткен күн, жеңістің туын тіккен азаттық күрестің айбынды күні. Жер-Ананы дүр сілкіндірген 1941 жылғы сұрапыл соғыстың аяқталғанына 70 жыл толды. Ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де жаралы жылдардың зұлматы, қан майданның қасіреті, Отан үшін кеудесін оққа төсеп, қаза болған боздақтарымыздың есімдері бүгінгі ұрпақтар есінде. Болашақ ұрпақ үшін мерт болған ерлеріміздің ерлік істерін ешкім де ешқашан да ұмытпауы тиіс! Отан үшін от кешіп, қан майданда жанын пида еткен, туған жерінен топырақ бұйырмай, жат елде мүрделері қалған боздақтар рухына, арамызда жүрген аталарымызға басымды иіп тағзым етемін.

Осындай соғыс зардабын шегіп, ащы дәмін татқан, жүрегі елім, жерім деп соққан ер-азаматтар болмаса, қазір түнде тыныш ұйықтап, әрбір таңды күн шуағымен атырмас та едік. Сондықтан ата-бабаларымыздың ерлігін мадақтап, құрмет тұтып, олардың ерліктерін әрқашан жадымызда сақтаймыз!

«Тарих тағылым алу үшін жасалады» демекші, бұндай сұрапыл шақты, запыран заманды адамзат баласы енді ешқашан көрмесе екен деп тілейміз!

**Скендирова Қырмызы**

8 сынып, Ақтөбе облыстық дарынды

балаларға арналған мектеп-интернат Ақтөбе қаласы

Жетекшісі: Джулаева Б. Б.

### **Батыр да, алып та -Анадан туады**

Аға ұрпақтың Ұлы Отан соғысының от жалынды жылдарындағы ерлік істері, соғыстан кейін қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы қажырлы еңбектері біз үшін өшпес өнеге, өлмес мұра.

Н.Ә.Назарбаев

Екінші дүниежүзілік соғыс тура немесе жанама түрде болса да өз шеңберіне Жер шарының барлық құрлықтарын, мемлекеттері мен халықтарын дерлік тартты. Бұл соғысқа бүкіл Жер жүзі халқының 80 %- ы тұратын 61 мемлекет қатынасты.

1940 жылы жасалған «Барбаросса» жоспарына сай Германия қысқа мерзім ішінде Архангельск-Еділ-Астрахан шебіне шығуды көздеді. «Барбаросса» жоспарын жасаған фашистік Германияның басшылары КСРО-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ны «көптеген ұлттардың жасанды әрі әлсіз бірлестігі», «ішкі бірліктен айырылған этникалық конгломерат» ретінде қарастырды.

И.В.Сталин халыққа 1941 жылдың 3 шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. Қазақстанда кеніш, шахта, түсті және қара металлургияның байыту фабрикалары, мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Ұлы Отан соғысында қазақтың көптеген ұл-қыз батырлары ерлікпен шайқасты. Соның ішінде мен ерекше мақтанышпен Әлия Молдағұлова туралы айтып өтейін.

Әлия Молдағұлова 1925 жылы Ақтөбе қаласы Қобда ауданындағы Бұлақ ауылында дүниеге келген. Әлияның анасы Маржан 1933 жылы қайтыс болады. Анасыз қалған екі баланы бағу қиын болғандықтан, әкесі Әлияны оқуға жібереді. Ол Москвада, одан соң Ленинградта оқиды. 7-сынып бітірген Әлия, үздік атқыштар даярлайтын әйелдердің мектебінде оқиды. 1943 жылы мергендер мектебін бітіріп, 2 Прибалтика майданына қарасты 54-дербес атқыштар дивизиясының бөлімшесіне мерген болып барады. Майданда әлденеше рет ерлік пен табандылық көрсетеді. 1944 жылы 14 қаңтарда Казачиха дренясы үшін болған ұрыста ерлікпен қаза тапты.

Әлия бар болғаны 19 жыл өмір сүрді. Жауынгерлік жолы да қысқа өмірі аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына аңыз қалдырған. Оның бейнесі біздің көкейімізде жас қалпында қалып қойды. Жігіттерге батыр болуды құдайдың өзі жазса, өзі жүз жігітке татитын ерлік жасаған Әлияның орны бір басқа.

Талай батырды, ақынды, асылды асқақтатып, аялай білген дарқан халқымыз ел үшін қыршындай қиылған 19 жасар Әлиядай қызғалдағын туған елінің жүрегінде мәңгілік қалдыру үшін Ақтөбе қаласының орталығында батыр қызға арнап мемориальдық музей ашты, туған жері Бұлақта Әлия атындағы шаруашылықтың орталығында мәрмәр тастан жасалған тас бейне, туған үйінің орнына белгі құлыптас қойылған. Ұрпақтар алмасқан сайын ерлікке құрмет деңгейі де биіктеп, батыр тұлғасы асқақтай түскендей, Қазақстан тәуелсіздігімен бірге Әлия ерлігінің өнегесі, елдіктің белгісіне айналды.

Ұлы Отан соғысында еліміз зор шығындарға ұшырады. Қалалар мен ауылдар, зауыттар мен фабрикалар қиратылды, адамдар қырылды. Қанша жетім, қанша жесір сорлап қалды, адамдардың жүзінен күлкі кетті, қуаныш, бақыттың не екені де ұмытылды. Кейбірі аштықтан, кейбірі үрейден, кейбірі соғыста жүріп өмірлерімен қоштасты. Соғыс орны толмас қайғы қасірет әкелді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

9 мамыр – Жеңіс күні. Қанша жылға созылған соғыстың баянды соңы, шешуші күні болды. Барлық қазақ елі, КСРО үшін бақытты кез. Қошқарбаевтың Рейстахқа ту тігіп, жеңісті жариялаған кезін әрбір азамат елестеткен шығар. Әр майдангер ұрпағының жүрегінде аталардың ерлікке толы істері мақтаныш пен қуаныш сезімін ұялатады. Олардың ерлігі жас ұрпақты елін, туған халқын шексіз сүйеге баулиды.

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Отанымыздың намысы мен бостандығын сақтап қалған, ата жаумен жан қияр шайқастарда ерлік батырлықтың тамаша үлгісін көрсеткен барлық соғыс ардагерлеріне зор құрмет көрсете отырып, ілтипатпен еске алып, үлкен рахмет айтамыз.

**Тобыш Жансая**

10 сынып, №3 Қарауылкелді орта мектебі  
Байғанин ауданы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Тынышбаева Лиза Жакиповна

**Аты аңызға айналған батыр**

Аялап оны алыста,  
Тербеген дала бесігі.  
Бауыржан болып соғыста,  
Жарқ етті қазақ есімі.  
Көзінде отты жалын бар,  
Сан жырлар оны жасұлан,  
Келешек ұлы ғасырлар,  
Баукеңе қарар таңырқап.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тарихтан ойып тұрып өз орнын алғанына да 70 жыл толмақ. Адамзат баласының шежіресіндегі ең зұлмат, ең қасіретті соғыс болғанын тарихтың әралуан сабақтары мен тағылымдары күні бүгінге дейін әсте бір үзілген немесе сарқылған да емес. Өйткені, ол күндердің өшпес қасіреті мен өшпес даңқы әлі талай ұрпақтың көз алдында тұрары да сөзсіз. Бұрынғы Кеңестер Одағы халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы бастан кешкендері, сол соғыста миллиондаған адамдардың қазаға ұшырауы, олардың ішінде қолына қару ұстаған жауынгерлер ғана емес жасөспірім балалар да, ақ жаулықты аналар да, ақсақалды қариялар да болды, миллиондаған аналардың жесір қалуы, миллиондаған балалардың жетім қалуы, бүкіл халықтың басына түскен қайғы-қасірет, ауыртпашылық, ашаршылық, күні-түні атқарылған ауыр да тынымсыз еңбек, сөзбен айтып жеткізуге болмайтын қиыншылықтар көргендердің мәңгі есінде, ол ұмытылмақ емес. Соғыста жеңіп шығу кеңес халқы үшін оңайлыққа



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түскен жоқ, миллиондаған адамдар өмірі үзілді, халық майданда да, тылда да асқан ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті, жан аямай жұмыс істеді. Соғыстың салған лаңы әр отбасына өлшеусіз қайғы мен қасірет әкелгені белгілі жай. Жетім мен жесірдің қатары күн санап көбейді, хат тасушы әкелген «қара» қағаз талай отбасын шулатты. Ауылда қалған жеткіншектер мен шалкемпірдің мойнына ауыртпалық қамыты батпандап түсті. Аш-жалаңаш болды, бірақ саналы түрде бел шепей еңбек етті. Ұйқы мен күлкі азайды. Ауыздарынан жырып майдандағы жауынгерлерге көмектесті. «Таң атқаннан іңірге шейін колхоз жұмысы, одан түн жарымына дейін қолдан байпақ дайындап, жауапты кісіге тапсырамын. Сосын жүннен он бес-жиырмадай кеудеше тоқығаным есімде» - деп әжей күрсіне соғыс ауыртпалығын еске алады. Тор тоқыған өрмекшідей болып тіршілік бүлкілін тоқтатқан жоқ.

Ұлы Отан соғысы көп ұлтты Совет мемлекетінің беріктігі мен өміршеңдігіне аса күрделі әрі аса ауыр сын болды. Социализм жаулары бұрын айтқанындай, соғыс басталар қарсанда біздің көп ұлтты еліміз құлайды және құриды деп сан мәрте жар салды. Мысалы, 1941 жыл маусымда ағылшынның «Дели мейл» газеті сансыз көп әр текті елдерден тұратын Кеңес Одағы соғыс жағдайымен бетпе-бет келген шақта быт-шыты шығып қаусауы мүмкін деп сәуегейсіді. Алайда фашистердің бұл есебі түгел күйреді, өйткені нақ соғыс жылдарында барлық ұлттың өкілдері болып табылатын кеңес адамдарының терең тамырлы патриотизмі мен интернационализмінің үлгісін көрсеткендердің бірі жау жүрек қазақстандықтар еді.

Дүрбелеңге толы ХХ ғасыр Мағжанның мұңын, Сәкеннің сәнін, Мұстафаның саяси алғырлығын дүниеге әкелді. Социализм жұмағының дәмін татқан шақта қазақтың мерейін өсіріп, оны бүкіл әлемге әйгілі еткен Қаныштай ғалым, Күләштай әнші, Ағындай философ өмір сүрді. Осындай алып таланттардың ішінде халық ділінің керемет атрибуттарын бойына сіңірген нағыз «жаужүрек, жүрегiнiң түгi бар, ел ырысын арттырар қазақтың тағы да бiр туар азаматы пiсiп жетiлдi. Ол «кекiредей ащы, ошағандай тiкендi, қалақайдай улы, қарабарақ бұталарындай қатты» шындықты көзге айта алатын тұлға. Осы принципiн барлық жерде, өмiрiнiң әрбiр сәтiнде, мемлекеттiк қызметiнде, жеке бастың тiрлiгiнде қалтқысыз орындап отырды. Фәни тiршiлiктiң ұқсастыққа ұрындыратын ұңғыл-шұңғылында осы талаптың бiрде-бiр айнымаса керек. Әрине мұндай биiктiк пен ар тазалығы бiреуге ұнады, бiреуге ұнамады. Бiреу оны қабылдады, ал бiреу мүлде қарсы болды. Ол шынында да «қиын кiсi едi» осы қиындығы оны аңызға айналдырды. Бiрақ ол аңызда емес шынайы болмысымен қазақтың өршiл, тәкаппар рухын бүкiл әлем алдында паш еттi. Бұл кiм едi? Бұл аты аңызға айналған, биыл туғанына 105 жыл толып отырған Бауыржан Момышұлы едi.

Бауыржан Момышұлы – Бас штабтың академиясын бітірген бірінші қазақ. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында дивизия командирі болған жалғыз қазақ. Соғыс өнарiнiң тактикасы мен стратегиясын жетiк бiлетiн

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қорғаныс теоретикгі. 1941-1942 жылдары Москва түбіндегі шайқаста Бауыржан Момышұлы талантты командир ретінде көзге түсті. Европа қалаларына еркін аттап өткен, күшті қаруланған неміс армиясы Москва түбіндегі қорғаныстың шебін бұзып өте алмады. Өзінен бес есе көп күштерін жұмылдырған немістерге Қазақстанда жасақталған Панфиловтың дивизиясы тойтарыс берді. Москва түбіндегі шайқастарда фашистердің рухына сызат түсті, алдына қойған мақсатына жетсем деген әр көңілдің сағы сынды. Қақаған аязда, қарша бораған оқтың астында қазақстандық жауынгерлер теңдесі жоқ ерлік жасап, Москваны қорғап қалды. Міне осындай тарихи оқиғаның басы-қасында қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлы жүрді. «Тек ұрыста ғана адамның барлық қасиеті сынға түседі. Егерде бейбіт уақытта адамның кейбір ерекшеліктері байқалынбаса, онда ол ұрыс үстінде ашылады. Ұрыс психологиясы сан қырлы. Жеке және қоғамдық өмірде адам қасиеттеріне соғыс әсер етпей қоймайды. Ұрыста зәреңнің зәр түбіне жеткенін жасыра алмайсың. Ұрыс жалған батырлықтың бар пердесін сыпырып тастайды. Жалған нәрсе оқтың астында шыдас бермейді. Ерлік ұрыста мүлде көрінбейді немесе барынша толық түрде көрінеді» деп жазған Бауыржан Момышұлы соғыстың барлық қиямет-қайымын өз басынан кешірді. Тасада тығылып қалған жоқ, шайқас пен атыстың қақ ортасында жүрді. Александр Бек шығармасының басты кейіпкеріне айналды. Әрқашан да Отанын сүйген, елі үшін жанын аямай күрескен асқан патриот, жақсылыққа жаны құмар ізгілікті азамат екенін көрсетті. Ол жауына қаншалықты қатал, мейірімсіз болса, туған-туыстарына, отбасына, ел-жұртына соншалықты мейірімді, жұмсақ, аңғал да ақ көңіл адам еді.

Бауыржан есімі біздің санамызда Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктің, ұлтжандылықтың символы іспеттес. «Отан үшін отқа түс күймейсің» деген Бауыржанның қанатты сөзі – адамзат тағдыры туған халқының тағдырымен тамырласуы, тоғысуы тиіс деген философиялық қағиданың өткінші ғана емес, баянды байлам әрі биік талап екенін ұқтырған және автор оны өз өмірімен дәлелдеген. Ұлы Отан соғысында Жеңісті қамтамасыз еткен маңызды, тіпті ең бастапқы фактор- адамдардың рухани байлығы. Бауыржан қадап-қадап атап көрсеткен идеал, рухани дәнекерлер. Бұл құндылықтардың әрқайсысы өте маңызды. Дегенмен, қазіргі қоғам барысында алдыңғы қатарға шығып отырған аса құнды рухани дәнекер-патриотизм, отаншылдық. Патриотизм грек тілінен аударғанда Отан деген мағынаны береді, яғни патриотизм дегеніміз – Отанды сүю.

Ұлы Отан соғыс жылдарында жаумен кескілескен шайқастарда кеңес жауынгерлерінің бүкіл әлемді таң қалдырған идеялық-саяси моральдық қасиеттері, олардың партия ісіне адалдығы, Отанына, халқына деген махаббаты, қажымас қайрат- жігері, асқан ерлігі, Жеңіске деген шексіз сенімі бар қырынан көрінді. Қаза тапқан батырлардың есімі тек қайғы сезімін ғана туғызбайды. Мұнымен қатар ұрыста қаза тапқандардың ұлы іс атқарғаны үшін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

зор, жарқын мақтаныш сезімі де мәңгі өмір сүрмек. Егер осы құрбандықтар болмаса – Жеңіс те болмас еді, халқымыздың фашизмді жеңіп алға қадам басқан жарқын болашағы да болмас еді. Соғыстың әділеттілігіне көзі жету, өз бауырларының игілігі үшін жанын құрбан етудің қажеттігін түсіну жауынгерлердің рухын көтерді және олардың құлақ естіп көрмеген ауыртпалықтарға төзуге көндірді, соғыстың мақсаттары мен себептеріне бұқараның осы санасының жетуінің зор маңызы бар және бұл өзі Жеңісті қамтамасыз етеді.

Араға жылдар салып сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, ауаны тілгілеген оқтар ысқырығы тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ соғыс салған зардап жойылар емес. Өйткені ол ұмытылмайды. Сондықтан да мұны, Ұлы Отан соғысынан кейін дүние есігін ашқандарға, мына тап осы өздері секілді кешегі гүлдей құлпырған жап-жас қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, бар қызықтан бас тартқанын түсіну қиын. Олар Отан үшін қолдарына қару алып, сапқа тұрды. Сырбаз киімін киіп, қандай қиындықты бастан кешпесін, ешбір ауыртпалық алған бағыттарынан қайтара алмады. Ал соғыс- ол қасірет. Басқа түскен қасіреттен көбі қайтып оралмады. Қайтар оралғандары соғыстан кейінгі өмірдің қызығын, жан рахатын да шындап сезініп, тата алмады. Себебі жүрекке түскен жара, тэнге қадалған оқ табы әлсін- әлі мазалайды. Сөйтіп уақыт өткен сайын олардың әр қайсысы бір-бір кітап жазуға лайық жандар.

Ертең барша Қазақстандықтар Жеңіс күнін салтанатпен атап өтеді. Бұл қаһарлы 1418 күнді бастан кешкен майдангер жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің бойдағы бүкіл күш- қуатын жұмсап жеткен ұлы мерекесі. Сол майдангерлерді қамқорлыққа алып, бір туар, жау жүрек, қаһарман Бауыржанның ерлік жолдарын насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің ұлы парызымыз.

**Шопыр Айғали**

3 курс, Ақтөбе политехникалық колледжі Ақтөбе қаласы  
Жетекшісі: Сарқұлова Ж.С.

**Ұлы жеңіс – ұрпаққа аманат!**

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан тура 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын. Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық!

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен ...

Фашистік Германия тізе бүкті... Бірақ сол сұм соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени қазынаны құртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек. Осыдан 60 жыл бұрынғы Жеңіс сонысымен қымбат. 1418 күн мен түн толарсақтан қан кешіп, кейінгі ұрпаққа тыныштық әкелгені үшін қасиетті. Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды. Содан бері зымырап 70 жыл өте шықты. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар (бұлардың 3 мыңдайы қазақстандықтар) Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Қорытындылай келе, 1945 жыл бұл әлем үшін қуаныштыда, естен кетпес күн, яғни бұл күні біздің ер жүрек ата-бабаларымыз, аға-әпкелеріміз барлықтары да өздерінің жерлері үшін Отаны үшін қандарын төкті қанша қиналды, азап шекті, қыстың анау ызғарына шыдап бағып төске өрледі жүректерінде "Біз қазақпыз" деген от өрледі. Ендеше, бейбіт көк аспан кейінгі ұрпақ үшін киелі болсын. Сонау ғасырлардағы аталарымыз жете алмаған арманға міне жеттік. Қандай тамаша дербес мемлекетіміз бар. Отанымыз туған тіліміз отбасымыз қасымызда қандай бақыттымыз. Осылардың бәрі ата-бабаларымыздың арқасында деп білемін. Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

**Шынболатова Толқын**

9 сынып, Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп  
Шалқар қаласы Ақтөбе облысы  
Жетекшісі: Төлеуова С. Д.

**Елді ер қорғайды**

Қажеті жоқ соғыстың қажеті жоқ! Оның  
орнына жұмыс істеп, ойланайық, ізденейік.  
Ең үлкен жеңіс – бұл еңбектің жемісін көру.  
Ал соғыс – жабайылардың ісі.  
Ги де Мопассан

Соғыс барды жоқ етеді, тауды жер етеді, биікті аласартады. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, еш нәрсе де ұмыттылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл – сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр.  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңына жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, ентелей жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін ел-халық ұмытпайды, тарих жадынан шығармайды.

Москва сенің іргеңді  
Ер,ел болып сақтаймыз.  
Сенен аяр жан да жоқ,  
Барлығы да сен үшін,  
Саған қауіп төнгенде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қамсыз тыныш жатпаймыз.

Алпыс ұлттың адамы,  
Қол ұстасып, үн қосып,  
Қорғауға сені дайынбыз,

– деп жазған Нүрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласынан қадам басқызбаған бірлігі мен достығы жырланады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге алшаңдай басып, нық қадаммен кірді. Қазақ – ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетті. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағаның Батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Ер есімі – ел есінде демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тіршілігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Кеңес Одағы жауға алынбас камал болып жұмылып, өз жері мен Отаны үшін жанын қиды. Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақ халқының көптеген ұлдары ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары: М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров, Р.Елебаевтар бар. Соғысқа аттанған жерлестеріміз де аз болмады. Оның бір соғыс майданында қаза болса, бірі туын желбірете елге оралды. Көбісі немерелерінің қуанышына бөлене отырып, сол бір сәтті үнемі еске алып, ерліктерін еске алып ертегідей сыр шертеді. Соның бірі – мектебіміздің білікті ұстазы Күләй апайдың асқар таудай әкесі – Шудабай ата. Ол кісі жастайынан соғысқа елін, жерін қорғау мақсатында аттанды. Соғыс даласында ерлікпен көзге түсіп, бірнеше орден, медальдар тағынып қайтты. Шудабай ата бейбітшілік үшін жанын шүберекке түйіп, жаумен шайқасты. Біз осындай ержүрек бабаларымыздың арқасында алаңсыз өмір сүріп жатырмыз. Осындай ауыр да азапты күндерді басынан өткерген қазақ елінің төзімділігіне қайран қалмасқа болмас.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады. Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүрміз. Әйтсе де, өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп, қанша шығарма жазылып жатса да оның тарихында еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде есімін шаң

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

басқан нар тұлғалар да аз болмады. Мысалы, Бақтыораз Бейсекбаевты аға буын өкілдері білген жоқ қой. Қазір еліміздегі ең жоғары награда Халық қаһарманы атағының иегері. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей жатқан ерліктер, елеусіз қалған ерлер қаншама? Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Қазақстаннан қан майданға аттанған ержүрек ұл-қыздар фашизмді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты. Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда да жан аямай күресті. Олардың артында қалған отбасы аптал азаматарының жеңіске жететіне сенді, сол қасиетті күнді асқан шыдамдылықпен күтті. Қазақстандық жүз мыңдаған отандасымыз елдің сол сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Олардың бәрі де кеуделеріне орден, медальдарын жарқыратып тағып, Отанына абырой әкелді. Осындай ардақты азаматтардың арқасында Жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс жасағандардың да еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылықты көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Танның атысынан кештің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшірн от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылады. Олардың қаһармандық өнегесі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабарымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті мекен. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді.

Осындай сұрапыл жылдарды да қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалта қоймады. Өзге елден келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер, жеңіске жетуіміздің берден-бір себепшісі.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и  
средних учебных заведений на патриотическую тему,  
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жау жағадан алғанда елін қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан жалынды публицист, ержүрек жауынгер Баубек Бұлқышев Отанды қорғау – азамттық борышы деп түсінеді. Өмір сүргім келеді деп шырылдаған небәрі жиырма сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. Жауынгер қаламынан шыққан жалынды үн жерлетерінің жанын тебірентіп, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерліктері ұмтылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жері бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы – біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде, бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, хадқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы – тұңғыш Президентіміз Назарбаевтың адал да ұтымды тактикаасының арқасында. Сондықтан біз, қазіргі заман жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанмызға бақыттымыз!

Жауды жеңіп табанға сап,  
Жермен жексен еткен ерім  
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ  
Шын жеңіске жеткен елім!